1. **Lai, C., Bower, M.** How Is the Use of Technology in Education Evaluated? A systematic review // Computers & Education. –2019. – №3. – https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.01.010
2. **Bounou, A., Tselios, N., Kaliampos, G., Lavidas, K., & Papadakis, S.** Criteria for evaluating digital technologies used to support computational thinking through inquiry-based learning - the case of two educational programs for mathematics and physics //Computers. – 2024. №14(3). - https://doi.org/10.20944/preprints202412.0989.v1.
3. **Singh, A., Martoliya, M., Srivastava, S.** Assessing the competence of digital tools in quality education: A scale-up to support SDG 4 // Journal of Computer Science Education and Research. – 2024. – № 4. – https://doi.org/10.52783/jier.v4i3.1784
4. **Wok Zaki, A., Darmi, R., & Selamat, S.** Exploring classroom assessment and its importance in 21st-Century Learning: Meneroka pentaksiran bilik darjah dan kepentingannya dalam Pembelajaran Abad Ke-21// Sains Insani. – 2022. – №7(2) –https://doi.org/10.33102/sainsinsani.vol7no2.432
5. The Analysis of Student's Ability to Identify Parts of Speech // Global Journal of Social Science and Innovation. – 2024. – №1 (1). [Digital resource] // – URL: https://journal.risaglobal.org/index.php/gjssi/article/view/6
6. **Synekop, O., Lavrysh Y., Lytovchenko I., Chugai O., Lukianenko V.** Use of Games in ESP Classes: Perceptions from Students and Teachers // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). – 2023. –№18. – https://doi.org/10.3991/ijet.v18i16.41275.
7. **Guardia, L., Maina, M. F., Mancini, F. and Melo, M.M.** Key quality factors in digital competence assessment: a validation study from teachers' perspectives // Applied Sciences. – 2023. – №13(4). – https://doi.org/10.3390/app13042450.
8. **Hoffmeyer, M., Jensen, J. J., Olsen, M. W.** and Melcher, J. N. S. Assessing Digital Student Productions, A project-oriented study to develop a criteria-based assessment tool for digital multimodal student productions// 2016. – [Digital resource] // – URL: https://www.ucviden.dk/ws/files/103180213/Assessing_Digital_Student_Productions.pdf.
9. **Awang, M.I.** Digitalization of learning assessment // Proceedings of the International Conference on Interdisciplinary Research. – 2022. – №4(1). –https://doi.org/10.32672/pic-mr.v4i1.3731.
10. **Sovetova, N.P., Aksyutina, S.V.** Digital system for assessing the quality of education at the municipal level // Proceedings of the 2nd International Scientific and Practical Conference «Modern Management Trends and the Digital Economy: from Regional Development to Global Economic Growth» (MTDE 2020). - 2020. – https://doi.org/10.2991/AEBMR.K.200502.019.
11. Концептуальные основы национальной интегрированной системы оценивания образовательных достижений обучающихся в школах Казахстана: Коллективная монография/Под ред. К.Н.Булатбаевой, Г.М.Кусаинова. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2024. – 167 с.
12. Методические рекомендации «Интеграция формативного и суммативного оценивания» / Кусаинов Г.М., Булатбаева К.Н., Тыныбаева М.А., Дюсенбаева А.Т., Жумабаева С.Г., Танирбергенова А.Ш., Жумажанова С.К., Мұсабаева М.О., Жагпарова С.Ж., Ахметжанова А.А., Торебекова А.К., Байгараева А.М. – Астана: Национальная академия образования имени И.Алтынсарина, 2024. – 105 с.

## References

1. **Lai, C., & Bower, M.** How Is the Use of Technology in Education Evaluated? A systematic review // Computers & Education. –2019. – №3. – https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.01.010
2. **Bounou, A., Tselios, N., Kaliampos, G., Lavidas, K., & Papadakis, S.** Criteria for evaluating digital technologies used to support computational thinking through inquiry-based learning – the case of two educational programs for mathematics and physics //Computers. – 2024. №14(3). - https://doi.org/10.20944/preprints202412.0989.v1.
3. **Singh, A., Martoliya, M., Srivastava, S.** Assessing the

competence of digital tools in quality education: A scale-up to support SDG 4 // Journal of Computer Science Education and Research. – 2024. – № 4. – https://doi.org/10.52783/jier.v4i3.1784

4. **Wok Zaki, A., Darmi, R., Selamat, S.** Exploring classroom assessment and its importance in 21st-Century Learning: Meneroka pentaksiran bilik darjah dan kepentingannya dalam Pembelajaran Abad Ke-21// Sains Insani. – 2022. – №7(2) –https://doi.org/10.33102/sainsinsani.vol7no2.432

5. The Analysis of Student's Ability to Identify Parts of Speech // Global Journal of Social Science and Innovation. – 2024. – №1 (1). [Digital resource] // – URL: https://journal.risaglobal.org/index.php/gjssi/article/view/6

6. **Synekop, O., Lavrysh Y., Lytovchenko I., Chugai O., Lukianenko V.** Use of Games in ESP Classes: Perceptions from Students and Teachers // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). – 2023. –№18. – https://doi.org/10.3991/ijet.v18i16.41275

7. **Guardia, L., Maina, M.F., Mancini, F. Melo, M.M.** Key quality factors in digital competence assessment: a validation study from teachers' perspectives // Applied Sciences. – 2023. – №13(4). –https://doi.org/10.3390/app13042450.

8. **Hoffmeyer, M., Jensen, J.J., Olsen, M.W. and Melcher, J.N.S.** Assessing Digital Student Productions, A project-oriented study to develop a criteria-based assessment tool for digital multimodal student productions// 2016. – [Digital resource] // – URL: https://www.ucviden.dk/ws/files/ 103180213/Assessing_Digital_Student_Productions.pdf.

9. **Awang, M.I.** Digitalization of learning assessment // Proceedings of the International Conference on Interdisciplinary Research. – 2022. – №4(1). –https://doi.org/10.32672/pic-mr.v4i1.3731.

10. **Sovetova, N.P., Aksyutina, S.V.** Digital system for assessing the quality of education at the municipal level // Proceedings of the 2nd International Scientific and Practical Conference «Modern Management Trends and the Digital Economy: from Regional Development to Global Economic Growth» (MTDE 2020). - 2020. – https://doi.org/10.2991/AEBMR.K.200502.019.

11. Konceptual'nye osnovy nacional'noj integrirovannoj sistemy ocenivaniya obrazovatel'nyh dostizhenij obuchayushchihsya v shkolah Kazahstana: Kollektivnaya monografiya [Conceptual foundations of the national integrated system for assessing educational achievements of students in schools of Kazakhstan: A collective monograph] / Pod red. K.N.Bulatbaevoj, G.M.Kussainova. – Astana: Nacional'naya akademiya obrazovaniya im. I.Altynsarina, 2024. – 167 s.

12. Metodicheskie rekomendacii «Integraciya formativnogo i summativnogo ocenivaniya» [Methodological recommendations "Integration of formative and summative assessment"] / Kussainov G.M., Bulatbaeva K.N., Tynybaeva M.A., Dyusenbaeva A.T., Zhumabaeva S.G., Tanirbergenova A.Sh., Zhumazhanova S.K., Mұsabaeva M.O., Zhagparova S.Zh., Ahmetzhanova A.A., Torebekova A.K., Bajgaraeva A.M. – Astana: Nacional'naya akademiya obrazovaniya imeni I.Altynsarina, 2024. – 105 s.

## Мектепте критериалды бағалауды цифрландыру

**Г.М. Құсаинов*[1], А.Т. Дюсенбаева[2], С.Г. Жумабаева[3], А.Ш. Танирбергенова[4]**
[1,2,3,4]Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Астана, Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Зерттеудің мақсаты мүмкіндіктер мен тиімділікті зерделеу, цифрландырудың бағалау сапасы мен объективтілігіне әсерін талдау, критериалды бағалау процесіне цифрлық технологияларды енгізудің артықшылықтары мен ықтимал проблемаларын анықтау болды. Нәтижесінде критериалды бағалау үшін ең қолайлы негізгі цифрлық құралдар анықталып, бағалау процесінде цифрлық технологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Алынған нәтижелер негізінде критериалды бағалауды цифрландыру процестің ашықтығы мен объективтілігін арттыруға ықпал етеді, цифрлық құралдарды пайдалану мұғалім жұмысын оңтайландыруға және студенттерге жақсы кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, техникалық және әдістемелік аспектілерді ескере отырып, цифрлық технологияларды енгізуге кешенді тәсілді әзірлеу қажет деген қорытындыға келді.

**Кілтті сөздер:** критериалды бағалау, білім беруді цифрландыру, цифрлық құралдар, білім берудегі ақпараттық технологиялар.

# Digitalization of criteria-based assessment at school

**G.M. Kussainov*[1], A.T. Dyussenbayeva[2], S.G. Zhumabayeva[3], A.Sh.Tanirbergenova[4]**
[1,2,3,4]National Academy of Education named after I.Altynsarin
Astana, Republic of Kazakhstan

**Abstract.** The aim of the study was to study the possibilities and efficiency, analyze the impact of digitalization on the quality and objectivity of assessment, identify the advantages and potential problems of introducing digital technologies into the process of criteria-based assessment. As a result, the key digital tools most suitable for criteria-based assessment were identified, and methodological recommendations for the use of digital technologies in the assessment process were developed. Based on the results obtained, it was concluded that the digitalization of criteria-based assessment contributes to increasing the transparency and objectivity of the process, the use of digital tools allows optimizing the work of the teacher and providing better feedback for students, it is necessary to develop an integrated approach to the introduction of digital technologies that takes into account technical and methodological aspects.

**Keywords:** criteria-based assessment, digitalization of education, digital tools, information technologies in education.

*Материал поступил в редакцию 27.06.2025 г.*

ҒТАМР 14.15.0 DOI 10.59941/2960-0642-2025-3-44-56

# Жасанды интеллекті және VR технологияларын мектепте қолданудың болашағы мен тәуекелдері

**М.У. Мукашева*[1], А.Ұ. Мухиядин[2], А.А. Нургалиева[3], А.К. Абильякимова[4]**
[1,3,4]Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Астана, Қазақстан Республикасы
[2]«ESIL University»
Астана, Қазақстан Республикасы
*mg.mukasheva@gmail.com

**Аңдатпа.** Бұл мақала білім беру үдерісінде жасанды интеллект (ЖИ) пен виртуалды шынайылық (VR) технологияларын біріктіріп қолданудың мүмкіндіктері мен тәуекелдерін талдауға арналған. Жұмыстың негізгі мақсаты – осы екі технологияның синергиясын зерттей отырып, олардың білім берудегі болашағын анықтау және тәуекелдерді бағалау.

Зерттеуде аралас әдістер қолданылды: халықаралық және отандық ғылыми дереккөздерге сапалық талдау жасалды, сондай-ақ Қазақстан мектептерінің білім алушылары мен педагогтері арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері сандық тұрғыдан өңделді. Зерттеу нәтижелері ЖИ мен VR технологияларын мектептегі оқыту және оқу процесінде үйлестіре пайдаланудың бейімделген оқытуды жүзеге асыру, білім алушылардың белсенділігін арттыру және педагогтердің жұмысын жеңілдету, қашықтан білім алудағы оқыту әдістерін жетілдіру сияқты бағыттарда зор әлеуетінің бар екенін көрсетті. Сауалнама қатысушылардың жаңа технологияларға деген қызығушылығын және оларды енгізуге дайын екенін растады. Сонымен қатар, деректердің құпиялылығы, плагиаризм, этикалық мәселелер және инфрақұрылымның жеткіліксіздігі сияқты маңызды тәуекелдер анықталды. Қорытындылай келе, ЖИ мен VR-ды үйлестіру мектептегі білім беру, әсіресе қашықтан оқыту үшін инновациялық және перспективті бағыт болып табылады, бірақ оны қауіпсіз және тиімді енгізу үшін анықталған тәуекелдерді ескеретін кешенді әдістемелік және ұйымдастырушылық шешімдер қажет.

**Кілтті сөздер:** жасанды интеллект, виртуалды шынайылық, иммерсивті технологиялар, мектептегі білім беру, білім берудегі тәуекелдер.

**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Мукашева, М. У., Мухиядин, А.Ұ., Нургалиева, А.А., Абильякимова, А.К.** Жасанды интеллекті және VR технологияларын мектепте қолданудың болашағы мен тәуекелдері [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №3. – С. 44-56.

## Кіріспе

Қазіргі заманауи білімге қойылатын негізгі талаптардың бірі – білім алушыларды цифрлық қоғамға тұрақты қатысуға және бәсекеге қабілеттілікке дайындау. Бұл тұрғыда мектептегі оқыту белсенді процеске айналады, онда білім алушылар білім алып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі қоғам талап ететін жаңа өмірлік дағдыларды дамытады. Цифрлық технологиялар адам өмірінің барлық салаларын барынша қамтыған қоғамның талаптарын қанағаттандыру үшін білім беру мекемелері де өз қызметтерін ұйымдастыруда заманауи цифрлық жетістіктерді өз уақытында тиімді қолдану әдістерін іздеуге мәжбүр болады. Қазақстан Республикасы Прези-

денті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс екені, сонымен қатар ауыл мектебіндегі білім сапасын арттыруда қашықтан оқыту тәсілдері мен жасанды интеллект технологиясының мүмкіндіктерін үйлестіре отырып тиімді пайдаланудың болашақтағы басым бағыттар екені анық айтылып, нақты тапсырмалар берілді [1].

Аса қуатты есептеу мүмкіндіктері бар компьютерлердің үлкен көлемдегі деректерді өңдей алуы, машиналық оқыту алгоритмдерінің жетілдірілуі және де бұл цифрлық жетістіктерді қолдануға арналған OpenAI компаниясының ChatGPT (Chat Generative Pre-trained Transformer), Google компаниясының Gemini, Alibaba Cloud компаниясының Qwen, DeepSeek компаниясының DeepSeek-R1 секілді көпшілік тұтынушыларға Интернет арқылы қолжетімді қосымшаларының пайда болуы «жасанды интеллект» деп аталатын цифрлық технологиялардың жаңа бір кезеңінің басталуына себеп болды. Жасанды интеллект технологияларының негізі ретінде ұзақ жылғы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып саналатын үлкен тілдік модельдер (LLM, large language model) пайдаланылады. Бұл үлкен тілдік модельдер нейрондық желілер мен машиналық оқыту алгоритмдерінің көмегімен адамдар өзара сөйлесетін табиғи тілді түсіну және қолданушының сұранысына сәйкес қажет мазмұнды құрып беру сияқты мүмкіндіктерге ие болады. 2024 жылдың желтоқсан айында қазақстандық Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) әлемдік зерттеулерге назар аудара отырып қазақ тілінің үлкен тілдік моделін (ISSAI KAZ-LLM) әзірледі. ISSAI KAZ-LLM моделін оқыту үшін деректер жиынтығы 150 миллиардтан астам токенді қамтиды және қазақ, ағылшын, түрік, орыс тілдеріндегі контенттермен жұмыс жасау мүмкіндігін ұсынады [2].

Иммерсивті оқыту технологияларының қатарына жататын виртуалды шынайылық (VR, Virtual Reality) цифрлық оқыту ортасының жаңа буыны ретінде танылып келеді. Көп пайдаланушыға арналған виртуалды шынайылық қосымшалары бірнеше пайдаланушыға арналған ортақ иммерсивті виртуалды шынайылық бөлмесін жасайды. Пайдаланушылар физикалық түрде объективті шынайылықтағы жеке бөлмелерде немесе қашықтықта болғанына қарамастан, виртуалды шынайылық гарнитуралары оларға берілген тапсырманы орындау үшін виртуалды шынайылық ортаны бірлесіп пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, пайдаланушының объективті шынайылықтағы бөлмедегі физикалық қозғалыстары датчиктер арқылы бақыланып, ортақ иммерсивті виртуалды ортаға беріледі, бұл пайдаланушыларға виртуалды бөлмеде жүруге және кеңістіктегі материалдарды (пішіндер, нысандар, үдерістер мен құбылыстар) барлық жағынан, бұрыштардан және қашықтықтардан бірге зерттеуге мүмкіндік береді. Виртуалды ортадағы көрініске қосылған әртүрлі нысандар, мысалы, үйлер, машиналар, құстар, жануарлар және басқалар абстрактілі және қарапайым түрде визуализацияланады. Виртуалды ортада презентацияларды, бейнероликтерді, 360 бейнелерді көруге, сондай-ақ маркерлік тақта, оқу макеттері, оқу экспериментін жүргізуге арналған құралдар, кәсіби құралдар, мысалы, станоктар және басқа да өнеркәсіптік жабдықтар сияқты ресурстарды бірлесіп пайдалануға болады. Мысалы, 2022 жылы іске қосылған Metaverse Engage Link жалпыға қолжетімді бұлттық платформасы әртүрлі құрылғыларды, соның ішінде VR гарнитураларын пайдалану негізінде иммерсивті виртуалды әлемге ену арқылы коллаборативті оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [3](1 -сурет).


*1-сурет. Engage платформасында Education Plaza алаңы*

Жасанды интеллект технологияларын кеңістіктік деректер мен процестерге қолдануды білдіретін «кеңістіктік жасанды интеллект (Spatial AI) ұғымы машиналық оқыту және деректер аналитикасының қуатын геокеңістіктік ақпаратпен біріктіре отырып, жүйелердегі кеңістіктік байланыстар мен заңдылықтарды түсіндіруді, пайымдауды және солардың негізінде жасанды жүйелердің шешім қабылдау қабілеттерін сипаттау үшін қолданылып келді. Дегенмен, қазіргі уақытта «виртуалды шынайылық» (VR, Virtual Reality), «толықтырылған шынайылық» (Reality , Augmented Reality) және «аралас шынайылық» (MR, Mixed Reality) технологиялардың мүмкіндіктерін қамтитын «кеңейтілген шынайылық» (XR, Extended Reality ) технологиялары мен жасанды интелллект мүмкіндіктерін үйлестіре отырып пайдалануға байланысты «кеңістіктік жасанды интеллект» ұғымы жаңа мазмұнға ие бола бастады [4].

Жасанды интеллект пен VR симбиозының білім беру мүмкіндіктеріне арналған ғылыми зерттеулер аталған бағыттың айқын артықшылықтары бар екенін көрсетті және бұл салада арнайы анықтамалар мен дербес зерттеулерді қажет ететін көптеген мәселелердің бар екендігін айқындады [4,5,6,7]. Зерттеушілердің пікірінше, біріншіден, VR/AR/MR/XR технологиялары пайдаланушымен өзара әрекеттесуді жақсартып, пайдаланушы тәжірибесін байытады, адами интеллект пен сезімдерді толықтыра алады, сондай-ақ иммерсивті виртуалды орталарды құру шығындарын азайтады; екіншіден, VR симуляцияларының дерлік кез келген түрін жасанды интеллект технологиясы арқылы жетілдіруге болады; үшіншіден, виртуалды шынайылықтың барлық түрлері (VR/AR/MR/XR) иммерсивті білім беру ортасын қалыптастыра алады, ал оны жасанды интеллектпен бірге үйлестіріп пайдаланған жағдайда ол әлдеқайда сенімді әрі тиімді оқу құралына айналады [7].

Зерттеулердің басым көпшілігінде жасанды интеллект пен VR/XR синтезінің «қуатты әлеуеті» білім беру саласына үлкен өзгерістер әкелетіні ерекше атап өтіледі [4,5,6,7]. Осы тұрғыда оқыту процесін жетілдіруде иммерсиялық әсерді күшейтетін үш негізгі бағыт көрсетілген [7]:

- интеллектуалды аватарларды жасау. Жасанды интеллект негізінде басқарылатын виртуалды аватар-кейіпкерлер қолданушылармен табиғи тілде сөйлесе алады, педагогикалық мақсаттарға бейімделген тұлғалар ретінде қызмет көрсетеді. Генеративті жасанды интеллект мұндай аватарларға шынайы мінез-құлық танытуға,

білім алушының сұраныстары мен әрекеттеріне бейімделуге және оқыту процесін дараландыруға мүмкіндік береді. Мысалы, жасанды интеллектпен басқарылатын кадрлық директор аватары жұмыс іздеушілерге сұхбаттасу мен келіссөз жүргізу дағдыларын дамытуға көмектесе алады, ал нұсқаушы-аватар білім алушыларды емтиханға психологиялық және техникалық тұрғыда дайындай алады;

- білім алушының қажеттіліктері мен бейіміне қарай жекелендірілген оқу ортасы мен контент құру. Жасанды интеллект модельдеу, генеративті симуляция және деректерді талдау әдістері арқылы цифрлық көшірмелер (цифровой двойник) мен шынайы VR кеңістіктерін жасай алады. Бұл тәсіл оқу сценарийлері мен мазмұнды әзірлеуге кететін уақыт пен ресурстарды едәуір қысқартады, сонымен қатар VR ортасын шынайы әрі тартымды етеді;
- бейімделген оқыту тәжірибесі. ЖИ алгоритмдері арқылы VR-дегі оқу сценарийлері білім алушының әрекеттері мен жауаптарына сәйкес өзгеріп отырады. Бұл оқыту процесін икемді етіп, білім алушылардың өз қарқынымен алға жылжуына мүмкіндік береді. Осылайша, топ немесе жеке білім алушы білімді меңгеру деңгейіне қарай жаңа кезеңдерге өтеді, уақыттық шектеулерге тәуелді болмайды. Бұл әдіс оқытуды сыныптық және қашықтан форматта анағұрлым динамикалық әрі интерактивті етеді.

Осы бағыттардың әрқайсысын жүзеге асырудың әдістемесі мен тетіктері білім беру саласында жаңа ғылыми зерттеулерді қажет етеді [7,8,9]. Осыған байланысты бұл жұмыстың да мақсаты – жасанды интеллект және VR технологияларының мүмкіндіктерін тиімді үйлестіре отырып мектептегі білім беру процесінде қолданудың болашағы мен тәуекелдерін зерттеу.

Зерттеу болжамы бойынша жасанды интеллект пен VR технологияларының білім берудегі мүмкіндіктерін өзара үйлестіре отырып мектептегі білім беру процесінде пайдалану – үлкен болашақ пен тәуекелдері бар жаңа инновациялық тәсіл.

## Материалдар мен әдістер

Жасанды интеллект және VR технологияларын мектепте қолданудың болашағы мен тәуекелдерін зерттеу барысында тақырыптың жаңа технологиялық жаңалықтармен байланысты болуына сәйкес аралас зерттеу әдістері қолданылды.

Сапалық тұрғыдан алғанда тақырып мазмұны бойынша сұранысқа сәйкес халықаралық және отандық зерттеулерді іздеуде және талдаулар жасауда Google Scolar платформасының мүмкіндіктері қолданылды. Жасанды интеллектіні білім беруде қолдану туралы сұраныс жалпылама түрде болғандықтан дереккөздер көлеміне 30 атауға дейін шектеу қойылды және соңғы үш жылдағы жарияланған ғылыми зерттеулер қарастырылды. Талдау жасау үшін дереккөздер ретінде негізінен қолжетімді және ашық түрде жарияланған ғылыми зерттеу нәтижелері мен аналитикалық есептер қарастырылды. Сұраныстар қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалғанымен ғылыми зерттеулердің басым көпшілігі ағылшын тілінде жарияланған болды.

Қазақстандық мектептердің білім алушылары мен педагогтері қатысқан сауалнама деректерін жинау мен өңдеу қолжетімді Google Form онлайн сервисінің және Python программалау тілінің көмегімен жүзеге асырылды. Сауалнама жасау барысында жасанды интеллект, виртуалды шынайылық технологияларын мектептегі білім беру процесіне интеграциялаудың мәселелері туралы қазіргі уақытта халықаралық деңгейде қолданылып жүрген құжаттар мен ұстанымдар негізге алынды [10,11,12,13].

## Нәтижелер

«Жасанды интеллектіні білім беруде қолдану» мазмұны бойынша жасалған сұранысқа сәйкес таңдалып алынған 30 дереккөздерді білім беру деңгейлері бойынша қарастыру олардың 13,3% (4) мектеп-

ке дейінгі, 26,7% (8) мектептегі, 33,3% (10) жоғары білім беруде жасанды интеллектіні қолдану мәселесіне арналды. Дереккөздердің бірқатарында, атап айтқанда 26,7% (8) зерттеулерде жасанды интеллектіні білім беруде қолдану мәселелері жалпы түрде қарастырылған болды. Орта білім беру деңгейі бойынша таңдап алынған дереккөздерге жасалған талдау жасанды интеллекті құралдарын жалпы орта білім беретін мектептерде пайдаланудың болашағы мен тәуекелдері туралы келесі нәтижелерді көрсетті (1-кесте):

**1-кесте. Жасанды интеллект құралдарын орта білім беретін мектептерде пайдаланудың болашағы мен тәуекелдері**

| № | Дереккөздер, авторлар | Дерекөздерге сілтемелер | Білім беру деңгейлері | Зерттеу әдістері, құжат түрі | ЖИ құралдары | Болашағы | Тәуекелдер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Artificial intelligence in education: A systematic literature review (2024) – S. Wang et al. | https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0957417424010339 | орта және жоғары | ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу | ЖИ-ні білім беруде қолдану/жалпы сұрақтар | бейімделген (адаптивті) оқыту, оқыту нәтижелерін бағалауды жетілдіру, барлық білім алушылармен дараланған кері байланысты қамтамасыз ету | деректер құпиялылығын сақтау, шамадан тыс тәуелділік, түрлі контексттердегі тиімділікті анықтау қажеттілігі |
| 2 | Integrating generative artificial intelligence in K12 education (2025) – Y.H. Cheah | https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666920X25000037 | орта | сипаттамалық шолу/концептуалдық | генеративті ЖИ/чатботтар (LLMs) | когнитивтік дағдыларды қолдау, даралап оқыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту | плагиаризм, деректерге бірдей және тең қолжетімділік , этикаға қарсы мақсаттарда қолдану |
| 3 | Artificial Intelligence and the Future of Teaching and Learning: Insights and Recommendations (2023) – U.S. Dept. of Education | https://www.ed.gov/sites/ed/files/documents/ai-report/ai-report.pdf | орта | қолдану саясаты бойынша есеп беру-ұсынымдар | ЖИ-ні білім беруде қолдану/жалпы сұрақтар | репетиторретіндегі қолдау, мұғалімге жүктемені жеңілдету, қолжетімділік | сақтану, қауіпсіздік, ЖИ құралдарын сатып алу және басқарудағы әлеуетін ескеру |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Educators' Perspectives on Generative AI in K12 (2024) – Friday Institute at NC State | https://fi.ncsu.edu/wp-content/uploads/sites/175/2024/05/Educators-Perspectives-on-Gen-AI-in-K-12V2.pdf | орта | сауалнама | генеративті ЖИ/чатботтар (LLMs) | мұғалімнің жұмыс жоспарын жеңілдету, білім алушылардың оқу белсенділігі, тиімділік | этикалық проблемалар, көшбасшылық әлеует, кәсіби біліктілікті дамытуға қажеттілік |
| 5 | Generative Artificial Intelligence in K12 Education: A Guide for Schools (2024) – Northern Arizona University | https://nau.edu/wp-content/uploads/sites/222/2024/05/NAU.GAIGuide.pdf | орта | қолдану саясаты бойынша есеп беру-ұсынымдар | генеративті ЖИ/чатботтар (LLMs) | білім берудегі саяси шаблондар, сыныпта қолданудың мысалдары, жасанды интеллектіні оқытуда қолданылатын негізгі қағидалар | қауіпсіздікті сақтау, талаптарға сай болу, қолжетімділікті қамтамасыз ету |
| 6 | U.S. Department of Education (2023) –Artificial Intelligence and the Future of Teaching and Learning | https://www.ed.gov/sites/ed/files/documents/ai-report/ai-report.pdf | орта | қолдану саясаты бойынша есеп беру-ұсынымдар | | тьюторға ұқсас іс-әрекеттерді қолдау, жүктемені азайту, инклюзия | құпиялылық, қауіпсіздік, ұйымдық дайындық |
| 7 | Jisc (2023) – Principles for the Use of Generative AI in Education | https://www.jisc.ac.uk/further-education-and-skills/principles-for-the-use-of-ai-in-fe-colleges | орта және жоғары | ұсынымдар/қағидаттар | | ЖИ-ні енгізудегі жауапкершілік аймағы, бағалауды қолдау | қағидаларды іске асыру, қызметкерлерді оқыту |
| 8 | Northern Arizona University (2024) – Generative AI in K12: A Guide for Schools | https://nau.edu/wp-content/uploads/sites/222/2024/05/NAU.GAIGuide.pdf | орта | қолдану саясаты бойынша практикалық-ұсынымдар | генеративті ЖИ -ні сыныпта қолдану | дайын сабақ сценарийлері, қауіпсіздік және этика | инфрақұрылым, педагогтерді дайындау |
| 9 | Friday Institute (2024) – Educators' Perspectives on Generative AI in K12 | https://fi.ncsu.edu/wp-content/uploads/sites/175/2024/05/Educators-Perspectives-on-Gen-AI-in-K-12V2.pdf | орта | сауалнама | генеративті ЖИ -ні мектепте сабақ беруде қолдану | жоспарлауды қолдау, оқу белсенділігі | этика, кадрлар, көшбасшылық |
| 10 | ERIC (2023–2025) – K12 AI Literacy curricula and frameworks (selected) | https://eric.ed.gov/ | орта | оқу бағдарламаларына талдау/кейс-стади | ЖИ -сауаттылық, сыныптағы сабақтарға арналған ресурстар | оқу модульдерінің модельдері, AIсауаттылықты дамыту | оқу маатериалдарының сапасы, ауқымдылық |

Дереккөздерді іздеу барысында жасалған сұраныста виртуалды шынайылық түрлері (VR/AR/MR/XR) туралы кілттік сөздер қолданылмаса да, сұраныс нәтижесіндегі алынған дереккөздерде иммерсивті технологияларды жасанды инттелектінің қолдауымен білім беруде пайдалану негізгі заманауи цифрлық трендтер қатарына кіретіні анық айтылады [14].

Қазақстандық 5-11 сынып білім алушылары мен педагогтердің жасанды интеллект туралы ақпараттандырылу деңгейлерін зерттеу бойынша сауалнамаға қатысуға 42 742 адам келісім берді. Сауалнаманың алғашқы сұрағы қатысушылар «жасанды интеллекті туралы біле ме екен?» деген мәселеге арналды және «Иә» деген жауап қайтарғандар әрі қарай сауалнаманы жалғастырды (2-кесте):

**2-кесте. «Жасанды интеллекті туралы білесіз бе?» сұрағына жауаптар**

| Сауалнамаға қатысушылар (жауап беру тілі) | Қатысушылар саны | Иә | Жоқ |
|---|---|---|---|
| Педагогтер (қазақ тіліндегі жауаптар) | 7 395 | 7 127 (96%) | 268 (4%) |
| Педагогтер (орыс тіліндегі жауаптар) | 3 895 | 3 755 (96%) | 140 (4%) |
| Білім алушылар (қазақ тіліндегі жауаптар) | 21 517 | 18 407 (86%) | 3 110 (14%) |
| Білім алушылар (орыс тіліндегі жауаптар) | 9 935 | 9 520 (96%) | 415(4%) |
| Барлығы | 42 742 | 38 809 | 3 933 |

2 – кестеде көрсетілгендей қазақ тіліндегі білім алушылардың 14% жуығы жасанды интеллектімен таныс еместігін хабарлады. Бұл білім алушылардың басым бөлігі 5-9 сыныптарда оқиды, ал 66,24% жуығы қалалық мектептерде және 33,76% ауыл мектебі мен шағын жинақты мектептерде білім алады (2, 3 -суреттер):




*2-сурет. Жасанды интеллектімен таныс емес білім алушылардың сыныптардағы үлесі*




*3-сурет. Жасанды интеллектімен таныс емес білім алушылардың мектептердегі үлесі*

Жасанды интеллектіні пайдаланудың болашақтағы маңызын 5 баллдық көрсеткішпен бағалау бойынша алынған нәтижелер, сауалнамаға қатысушы білім алушылардың басым бөлігінің бұл технологияның рөлін «ортадан жоғары», «өте жоғары» деп бағалайтынын көрсетті (4-сурет):




*4-сурет. Жасанды интеллектіні пайдаланудың болашақтағы маңызын 5 баллдық көрсеткішпен бағалау (білім алушылар)*

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің басым бөлігі, мысалы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерден орыс тілінде сабақ беретін мұғалімдердің 6%-ы өзі сабақ беретін пәндеріне жасанды интеллектіні енгізуге «толықтай келіседі», 39,1% – «келіседі», 44,1% – «келісуі мүмкін» екенін білдірді, ал 9,5% педагогтер мұнымен «келіспейді», 1,3% педагогтер «мүлдем келіспейді».

Сонымен қатар педагогтердің көпшілігі жасанды интеллектіні енгізу барысында оны этикалық және қауіпсіз пайдалануды үйрету және құпия ақпаратты қорғау қабілеттеріне де сенімді: «келісемін» және «толық келісемін» жауаптарының үлесі әр тармақ бойынша 75% - дан асады. Сондай-ақ күмән мен келіспеушілік деңгейі төмен болып қалады (шамамен 3-5%), бұл мұғалімдердің білім беру процесінде жасанды интеллектіні пайдалануға жауапкершілікпен қарайтындығын көрсетеді.

## Талқылау

Зерттеу болжамында жасанды интеллекті мен VR технологияларының білім берудегі мүмкіндіктерін өзара үйлестіре отырып мектептегі білім беру процесінде пайдаланудың үлкен болашағымен қатар тәуекелдері де бар жаңа инновациялық тәсіл екені айтылды. Сапалық және сандық әдістерді қолдана отырып жүргізілген бұл зерттеудің нәтижелері де білім беру саласына кейінгі жылдары жаппай енгізіле бастаған жасанды интеллект және иммерсивті виртуалдық шынайылық технологияларының болашағы зор екенін дәлелдеп отыр. Зерттеудің 1-кестеде берілген нәтижелеріне қарағанда жасанды интеллектіні мектептегі білім беру процесінде пайдаланудың болашағы бейімделген (адаптивті) оқыту, оқыту нәтижелерін бағалауды жетілдіру, білім алушылармен дараланған жаппай кері байланысты қамтамасыз ету, білім алушылардың оқу белсенділігін қамтамасыз ету, мұғалімнің қызметін жеңілдету сияқты бағыттарды қамтиды. Сонымен қатар генеративті жасанды интеллектіні білім беру процесін басқаруда, білім беруге қатысты саяси маңызы бар шешімдер қабылдауда, оқу бағдарламалары мен жоспарлары сияқты құжаттарды даярлауда қолдануға болатыны айтылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазіргі қоғамдағы жасанды интеллекті мен иммерсивті виртуалды шынайылық технологияларын білім беруде пайдалануға қатысты саяси, көпшілікті ағарту, ғылыми- зерттеу және есеп беру-аналитикалық бағыттардағы жұмыстарда анықталған көзқарастар мен ұстанымдарға сәйкес келеді.

Жасанды интеллекті мен иммерсивті виртуалды шынайылық технологияларының әлеуетін қашықтан оқытуда тиімді пайдалану және оның мүмкіндіктерін ауыл мектебіндегі білім сапасын көтеруде пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы Қазақстан халқына жолдауында атап айтылғаны белгілі [1].

Жоғары білім беру саласындағы мамандар мен IT вендорларды біріктіретін белгілі Educause технологиялық қауымдастығының 2025 жылғы жарияланған оқыту мен оқудағы (Teaching and Learning) заманауи трендтар туралы есесебінде де технологиялық процестердің, әсіресесе жасанды инттеллекті мен виртуалды шынайылықтың білім алушылардың оқуға деген көзқарастары мен қызығушылықтарына айтарлықтай әсер ететіні айтылған. Виртуалды шынайылық технологияларының білім беру саласына енуі медициналық және инженерлік, құрылыс және кулинария салалары бойынша кәсіби мамандарды даярлауда бұл технологияның болашағы үлкен екенін көрсетіп отыр. Бұл технологияларға байланысты саяси шешімдер мен нормативтік реттеуші орталар жоғары білім беру саласын түбегейлі өзертіп қайта қарауды ұсынады [14].

Жасанды интеллекті мен иммерсивті VR технологияларын пайдалануда айтарлықтай тәуекелдердің, әсіресе мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік қатынастарына, когнитивтік қабілеттеріне, психологиялық жай-күйіне және де физикалық денсаулығына әсерлердің бар екендігі туралы зерттеулерде көп айтылып жүр [15,16,17]. Сонымен қатар, бірқатар зерттеулерде атап көрсетілгендей

деректер құпиялылығын сақтау, шамадан тыс тәуелділік, плагиаризм, академиялық адалдықты сақтау этикалық мәселелерден басқа, инфрақұрылымдық және кадрлық әлеуеттің жеткіліксіз болуына қатысты тәуекелдердің бар екенін зерттеу нәтижелері растап отыр.

## Қорытынды

Цифрлық технологиялар жетістіктерінің білім беру саласына енуі уақыт талабына сай кезеңдер бойынша жалғасып келеді. Жасанды интеллекті мен иммерсивті виртуалды шынайылық құралдарының мүмкіндіктерін мектептегі білім беру процесінде тиімді пайдалану да заман талабына сай қажеттілік болып табылады [18, 19]. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жасанды интеллекті мен VR технологиялары цифрлық оқыту мен оқуды барынша шынайы практикадағы оқыту мен оқуға барынша ұқсас түрде ұйымдастыруға мүмкіндік бере алады. Кейінгі жылдардағы зерттеулерде айтылып жүрген «кеңістіктегі оқу (Spatial learning)» концепциясының негізі ретінде де иммерсивті виртуалды шынайылық технологияры алынған. «Кеңістіктегі оқу/оқыту» COVID-19 пандемиясынан кейін жаппай қолданыла бастады, бұл кезде қашықтықтан оқыту вирустың таралуын болдырмау үшін бүкіл әлем бойынша әртүрлі үкіметтер бастаған оқшаулау шараларына жауап ретінде таратылды [18]. Сондықтан бұл технологиялардың білім берудегі мүмкіндіктерін үйлестіре отырып пайдалану онлайн және қашықтан оқыту түрлері үшін де үлкен басымдыққа ие.

Ауа-райының қолайсыздығы, су тасқыны, шалғайдағы шағын жинақты мектептер секілді мәселелері бар қазақстандық мектептер үшін жасанды интеллекті мен VR технологияларын үйлестіре пайдалану, бұл тәсілдің тиімділігі мен тәуекелдерін зерттеу, мектептегі оқу процесіне қатысушы білім алушылар мен педагогтердің жаңа технологиялардан хабардар болуы, оны пайдалануға деген қызығушылықтары мен ізденістері аса маңызды. Жалпы жүргізілген зерттеулер, жасанды интеллекті мен VR технологияларын үйлестіре қолданудың болашағы зор бағыт екенін және де ол мүмкіндіктерді мектепте қауіпсіз пайдалануға қатысты сұрақтардың бар екенін көрсетті.

## Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетімен қаржыландырылған «3D кеңістік жасанды интеллектті және VR-ды қолданатын қашықтан оқытуды жобалау мен жүзеге асырудың әдіснамасы» гранттық жобасы шеңберінде жүргізілді (AP26198921, 2025-2027 жж.).

## Қолданылған деректер тізімі

1. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 8 қыркүйек, 2025 жыл. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957
2. Institute of Smart Systems and Artificial Intelligence (ISSAI). (2024, December). ISSAI KAZ-LLM – қазақ тілінің үлкен тілдік моделі. [Электронды ресурс] // – URL: https://issai.nu.edu.kz/kk/kazllm-kaz/
3. **Мукашева, М.У., Нурбекова, Ж.К., Тайболатов, Қ.М., Сманова, Г.К.** Иммерсивті виртуалды шынайылықтағы коллаборативті оқыту: әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 98 б.
4. **Ballard A.** What is spatial AI? Defining the field: Part One // Medium. –2024. [Электронды ресурс] // – URL: https://medium.com/@spaitial/what-is-spatial-ai-defining-the-field-part-one-211a83d98536
5. Conference Overview «IEEE International Conference on Intelligent Reality (ICIR)». – 2022. [Электронды ресурс] // – URL: https://icir.ieee.org/home/
6. AI in Virtual Reality // IEEE Digital Reality. [Электронды ресурс] // – URL: https://digitalreality.ieee.org/publications/ai-in-virtual-reality
7. **Gonzalez, J., Joglekar, Y.** How AI and VR enhance the immersive learning experience // Training Industry. – 2024. [Электронды ресурс] // – URL: https://trainingindustry.com/articles/learning-technologies/how-ai-and-vr-enhance-the-immersive-learning-experience/
8. **Verboom, A. D., Pais, L., Zijlstra, F. R., Oswald, F. L., & Santos, N. R.** Perceptions of artificial intelligence in academic teaching and research: a qualitative study from AI experts and professors' perspectives // Int J Educ Technol High Educ. – 2025. – № 22 (46). –

https://doi.org/10.1186/s41239-025-00546-w

9. **García-Martínez, I., Fernández-Batanero, J. M., Fernández-Cerero, J., & León, S. P.** Analysing the Impact of Artificial Intelligence and Computational Sciences on Student Performance: Systematic Review and Meta-analysis // Journal of New Approaches in Educational Research. – 2023. – №12(1). – P. 171-197. – https://doi.org/10.7821/naer.2023.1.1240

10. AI report by the European Digital Education Hub's squad on Artificial Intelligence in Education. European School Education Platform. – 2024. [Электронды ресурс] // – URL: https://school-education.ec.europa.eu/en/discover/publications/ai-report-european-digital-education-hubs-squad-artificial-intelligence-education

11. UNESCO AI Competency Framework for Teachers. CEDEFOP. – 2024. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.cedefop.europa.eu/en/tools/vet-toolkit-tackling-early-leaving/resources/unesco-ai-competency-framework-teachers

12. UNESCO AI Competency Framework for Students. CEDEFOP. – 2024a.[Электронды ресурс] // – URL: https://www.cedefop.europa.eu/en/tools/vet-toolkit-tackling-early-leaving/resources/unesco-ai-competency-framework-students

13. U.S. Department of Education, Office of Educational Technology. Artificial Intelligence and Future of Teaching and Learning: Insights and Recommendations, Washington, DC. – 2023. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.ed.gov/sites/ed/files/documents/ai-report/ai-report.pdf

14. **Robert, J., Reeves, J., Young, K., Arbino, N., Arnold, K., Pelletier, K., McCormack, M., & Muscanell , N.** (rep.). 2025 EDUCAUSE Horizon Report. Teaching and Learning Edition. – Research Hub, 2025. [Электронды ресурс] // – URL: https://library.educause.edu/resources/2025/5/2025-educause-horizon-report-teaching-and-learning-edition

15. **Kong, S. C., & Zhu, J.** Developing and validating an artificial intelligence ethical awareness scale for secondary and university students: Cultivating ethical awareness through problem-solving with Artificial Intelligence Tools // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. – №9. – https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100447

16. **Jobin, A., Ienca, M. & Vayena, E.** The global landscape of AI ethics guidelines // Nature Machine Intelligence. – 2019. – №1. – P. 389–399. –https://doi.org/10.1038/s42256-019-0088-2

17. **Kaur, D., Uslu, S., Rittichier, K. J., & Durresi, A.** Trustworthy Artificial Intelligence: A Review // ACM Computing Surveys. – 2022. – № 55(2). P. 1-38. – https://doi.org/10.1145/3491209

18. **Han, J. Y., Fung, F. M.** Spatial reality in education – approaches from innovation experiences in Singapore // Chemistry Teacher International. – 2024. –№ 7(2). – P. 287–302. – https://doi.org/10.1515/cti-2024-0088

19. **Roa González, J., Sánchez Sánchez, N., Seoane Pujol, I., & Díaz Palencia, J. L.** Challenges and perspectives in the evolution of distance and online education towards higher technological environments // Cogent Education. – 2025. – № 12(1). – https://doi.org/10.1080/2331186x.2024.2447168

## References

1. «Jasandy intellekt däuirindegi Qazaqstan: ózekti máseleler jäne ony tübegeili cifrlyq ózgerister arqyly sheshu». Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldauy. 8 qyrkuiék, 2025 jyl. [«Kazakhstan in the age of artificial intelligence: current problems and their solution through radical digital changes». Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. September 8, 2025.] [Electronic resource] // – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957

2. Institute of Smart Systems and Artificial Intelligence (ISSAI). (2024, December). ISSAI KAZ-LLM is a large language model of the Kazakh language. [Electronic resource] // – URL: https://issai.nu.edu.kz/kk/kazllm-kaz/

3. **Mukasheva, U., Nurbekova, Zh.K, Taibolatov, K.M. Smanova, G. K.** Immersivti virtualdy shynailyqtagy kollaborativti oqytu: ädistemelik qural [Collaborative learning in immersive virtual reality: methodical manual]. – Astana: National Bank of the Republic of Kazakhstan named after Y. Altynsarin, 2024. – 98 p.

4. **Ballard A.** What is spatial AI? Defining the field: Part One // Medium. –2024. [Electronic resource] // – URL: https://medium.com/@spaitial/what-is-spatial-ai-defining-the-field-part-one-211a83d98536

5. Conference Overview «IEEE International Conference on Intelligent Reality (ICIR)», December 14-16, 2022. [Electronic resource] // – URL: https://icir.ieee.org/home/

6. AI in Virtual Reality // IEEE Digital Reality. [Electronic resource] // – URL: https://digitalreality.ieee.org/publications/ai-in-virtual-reality

7. **Gonzalez, J., Joglekar, Y.** How AI and VR enhance the immersive learning experience // Training Industry. – 2024. [Electronic resource] // – URL: https://trainingindustry.com/articles/learning-technologies/how-ai-and-vr-enhance-the-immersive-learning-experience/

8. **Verboom, A. D., Pais, L., Zijlstra, F. R., Oswald, F. L., & Santos, N. R.** Perceptions of artificial intelligence in academic teaching and research: a qualitative study from AI experts and professors' perspectives // Int J Educ Technol High Educ. – 2025. – № 22 (46). – https://doi.org/10.1186/s41239-025-00546-w

9. **García-Martínez, I., Fernández-Batanero, J. M., Fernández-Cerero, J., & León, S. P.** Analysing the Impact of Artificial Intelligence and Computational Sciences on Student Performance: Systematic Review and Meta-analysis // Journal of New Approaches in Educational Research. – 2023. – №12(1). – P. 171-197. –https://doi.org/10.7821/naer.2023.1.1240

10. AI report by the European Digital Education Hub's squad on Artificial Intelligence in

Education. European School Education Platform. – 2024.[Electronic resource] // – URL: https://school-education.ec.europa.eu/en/discover/publications/ai-report-european-digital-education-hubs-squad-artificial-intelligence-education

11. UNESCO AI Competency Framework for Teachers. CEDEFOP. (2024, November 14). [Electronic resource] // – URL: https://www.cedefop.europa.eu/en/tools/vet-toolkit-tackling-early-leaving/resources/unesco-ai-competency-framework-teachers

12. UNESCO AI Competency Framework for Students. CEDEFOP. (2024a, November 14). [Electronic resource] // – URL: https://www.cedefop.europa.eu/en/tools/vet-toolkit-tackling-early-leaving/resources/unesco-ai-competency-framework-students

13. U.S. Department of Education, Office of Educational Technology. Artificial Intelligence and Future of Teaching and Learning: Insights and Recommendations, Washington, DC. – 2023. [Electronic resource] // – URL: https://www.ed.gov/sites/ed/files/documents/ai-report/ai-report.pdf

14. **Robert, J., Reeves, J., Young, K., Arbino, N., Arnold, K., Pelletier, K., McCormack, M., & Muscanell , N.** (rep.). 2025 EDUCAUSE Horizon Report. Teaching and Learning Edition. – Research Hub, 2025. [Electronic resource] // – URL: https://library.educause.edu/resources/2025/5/2025-educause-horizon-report-teaching-and-learning-edition

15. **Kong, S. C., & Zhu, J.** Developing and validating an artificial intelligence ethical awareness scale for secondary and university students: Cultivating ethical awareness through problem-solving with Artificial Intelligence Tools // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. – №9. – https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100447

16. **Jobin, A., Ienca, M. & Vayena, E.** The global landscape of AI ethics guidelines // Nature Machine Intelligence. – 2019. – №1. – P. 389-399. –https://doi.org/10.1038/s42256-019-0088-2

17. **Kaur, D., Uslu, S., Rittichier, K. J., & Durresi, A.** Trustworthy Artificial Intelligence: A Review // ACM Computing Surveys. – 2022. – № 55(2). – P. 1-38. – https://doi.org/10.1145/3491209

18. **Han, J. Y., & Fung, F. M.** Spatial reality in education – approaches from innovation experiences in Singapore // Chemistry Teacher International. – 2024. –№ 7(2). – P. 287–302. – https://doi.org/10.1515/cti-2024-0088

19. **Roa González, J., Sánchez Sánchez, N., Seoane Pujol, I., & Díaz Palencia, J. L.** Challenges and perspectives in the evolution of distance and online education towards higher technological environments // Cogent Education. – 2025. – № 12(1). – https://doi.org/10.1080/2331186x.2024.2447168

## Перспективы и риски использования технологий искусственного интеллекта и VR в школе

**М.У. Мукашева[1], А.Ұ. Мухиядин[2], А.А. Нургалиева[3], А.К. Абильякимова[4]**
г. Астана, Республика Казахстан
[1,3,4]Национальная академия образования им. И. Алтынсарина
[2]«ESIL University»
г. Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** Данная статья посвящена анализу возможностей и рисков применения технологий искусственного интеллекта (ИИ) и виртуальной реальности (VR) в образовательном процессе. Основная цель работы – изучая синергию этих двух технологий, определить их перспективы в образовании и оценить потенциальные риски. В исследовании применялись смешанные методы: был проведен качественный анализ международных и отечественных научных источников, а также проведено анкетирование среди более чем 42 тысяч обучающихся и педагогов Казахстана, результаты которого были обработаны количественно. Результаты исследования показали потенциал технологий ИИ и VR для реализации адаптивного обучения, повышения вовлеченности обучающихся и оптимизации труда педагогов. Анкетирование подтвердило заинтересованность участников в новых технологиях и их готовность к внедрению. Вместе с тем были выявлены значительные риски, такие как конфиденциальность данных, плагиат, этические проблемы и недостаточность инфраструктуры. В заключение, сочетание ИИ и VR является новым и перспективным направлением для образования, в частности, для дистанционного обучения, однако его безопасное и эффективное внедрение требует комплексных методических и организационных решений, учитывающих выявлен-

ные риски.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, виртуальная реальность, иммерсивные технологии, среднее образование, риски в образовании.

## Prospects and risks of using artificial intelligence and VR technologies in schools

**M.U. Mukasheva[1], A.U. Mukhiyadin[2], A.A. Nurgaliyeva[3], A.K. Abilyakimova[4]**
[1,3,4]I.Altynsarin National Academy of Education
Astana, The Republic of Kazakhstan
[2]ESIL University
Astana, The Republic of Kazakhstan

**Abstract.** This article analyzes the opportunities and risks of using artificial intelligence (AI) and virtual reality (VR) technologies in the educational process. The main objective of the study is to examine the synergy between these two technologies, determine their prospects in education, and assess potential risks. The study used mixed methods: a qualitative analysis of international and domestic scientific sources was conducted, and a survey of more than 42,000 students and teachers in Kazakhstan was carried out, the results of which were processed quantitatively. The results of the study showed the potential of AI and VR technologies for implementing adaptive learning, increasing student engagement, and optimizing the work of teachers. The survey confirmed the participants' interest in new technologies and their readiness for implementation. At the same time, significant risks were identified, such as data confidentiality, plagiarism, ethical issues, and infrastructure deficiencies. In conclusion, the combination of AI and VR is a new and promising direction for education, particularly for distance learning, but its safe and effective implementation requires comprehensive methodological and organizational solutions that take into account the identified risks.

**Keywords:** artificial intelligence, virtual reality, immersive technologies, secondary education, risks in education.

*Материал баспаға 24.01.2025 келіп түсті*

IRSTI 14.33.09 DOI 10.59941/2960-0642-2025-3-57-67

# SWOT analysis of methods and tools of secondary education through digital transformation

**M. Temirkhanova[1], G. Abildinova[2], C. Karaca[3]**
[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
[3]Technical Sciences Vocational School, Aksaray University, Aksaray, Türkiye
*gulmira_2181@mail.ru

27. **Hodam, H., Rienow, A., Jürgens, C.** Bringing earth observation to schools with digital integrated learning environments // Remote Sensing. – 2020. – Vol. 12. – No.3. – P. 345. – https://doi.org/10.3390/rs12030345

28. **Dannwolf, L., Matusch, T., Keller, J., Redlich, R., Siegmund, A.** Bringing earth observation to classrooms – the importance of out-of-school learning places and e-learning // Remote Sensing. – 2020. – Vol. 12. – No. 19. – P. 3117. – https://doi.org/10.3390/rs12193117

29. **Firomumwe, T.** Exploring the opportunities of virtual fieldwork in teaching geography during covid-19 pandemic // Lnternational Journal of Geography and Geography Education. – 2022. – No. 45. – P. 76-87. – https://doi.org/10 10.32003/igge.973983

30. **Danaher, M., Wu, J., Hewson, M.** Sustainability: A regional Australian experience of educating secondary geography teachers // Education Sciences. – 2021. – T. 11. – No. 3. – P. 126. – https://doi.org/10.3390/educsci11030126

31. **Nellis, M. D.** Technology in geographic education: Reflections and future directions // Journal of Geography. – 1994. – Vol. 93. – No. 1. – P. 36-39. – https://doi.org/10.1080/00221349408979683

32. **Kholoshyn, I., Nazarenko, T., Bondarenko, O., Hanchuk, O., Varfolomyeyeva, I.** The application of geographic information systems in schools around the world: a retrospective analysis // Journal of physics: Conference series. – IOP Publishing, 2021. – Vol. 1840. – No. 1. – P. 012017. – https://doi.org/10.1088/1742-6596/1840/1/012017

33. **Shakhislam, L., Yerlan, I., Duman, A., Ussenov, N., Zhu, K., Dávid, L.D.** Opportunities and challenges of using geospatial technologies in teaching school geography in Kazakhstan // International Research in Geographical and Environmental Education. – 2024. – P. 1-19. https://doi.org/10.1080/10382046.2024.2380173

34. **Schulman, K., Fuchs, S., Hämmerle, M., Kısser, T., Lastovıcka, J., Notter, N., Sıegmund, A.** Training teachers to use remote sensing: The YCHANGE project // Review of International Geographical Education Online. – 2021. – Vol. 11. – No. 2. – P. 372-409. – https://doi.org/10.33403/rigeo.708754

35. **McCormack, D.P.** Remotely sensing affective afterlives: The spectral geographies of material remains // Annals of the Association of American Geographers. – 2010. – Vol. 100. – No. 3. – P. 640-654. –https://doi.org/10.1080/00045601003795004

36. **Agbaje, G., Alabi, O., Offiong, E.** Education and Training in Applied Remote Sensing in Africa: The ARCSSTE-E Experience //ISPRS International Journal of Geo-Information. – 2019. – Vol. 8. – No. 8. – P. 350. – https://doi.org/10.3390/ijgi8080350

37. **Sanjoto, T.B., Tjahjono, H.** Improvement of Geography Teacher's Skill in Making Learning Media Based on Remote Sensing Image //International Conference on Rural Studies in Asia (ICoRSIA 2018). – Atlantis Press, – 2019. – P. 16-19. –https://doi.org/10.2991/icorsia-18.2019.5

38. **Lindner, C., Rienow, A., Otto, K. H., Juergens, C.** Development of an app and teaching concept for implementation of hyperspectral remote sensing data into school lessons using augmented reality // Remote Sensing. – 2022. – Vol. 14. – No. 3. – P. 791. – https://doi.org/10.3390/rs14030791

39. **Rienow, A., Lindner, C., Dedring, T., Hodam, H., Ortwein, A., Schultz, J., Jürgens, C.** Augmented reality and virtual reality applications based on satellite-borne and ISS-borne remote sensing data for school lessons // Journal of Photogrammetry, Remote Sensing and Geoinformation Science. – 2020. – Vol. 88. – No. 3. – P. 187–198. – https://doi.org/10.1007/s41064-020-00113-0

40. **Asimakopoulou, P., Nastos, P., Vassilakis, E., Hatzaki, M., Antonarakou, A.** Earth observation as a facilitator of climate change education in schools: The teachers' perspectives // Remote Sensing. – 2021. – Vol. 13. – No. 8. – P. 1587. – https://doi.org/10.3390/rs13081587

41. **MartínezVega, J., Gallardo Beltrán, M., Echavarría Daspet, P.** Satellite images and teaching of Geography. – 2015. – No. 8. –P. 55-66. https://doi.org/10.4458/5196-06

42. **Esteves, M.H., Rocha, J.** Geographical information systems in Portuguese geography education // European Journal of Geography. – 2015. – Vol. 6. – No. 3. – P. 6-15. – URL: file:///C:/Users/erlan/Downloads/301.pdf

43. **Garcia-Lozano, C., Olivas, L., Olivella, R., Peliova, A.** Edusat: remote sensing as an educational resource. The use of data from the Copernicus program as an innovative teaching method for students, teachers, and researchers // AGILE: GIScience Series. – 2021. – Vol. 2. – P. 26. – https://doi.org/10.5194/agile-giss-2-26-2021

# Мектеп географиясын оқытуда қашықтықтан зондтау материалдарын әлеуетті пайдалану туралы әдебиеттерге жүйелі шолу

**Е.Д. Исаков *[1], Ш.Ұ. Лайсханов[1], Т. Гаич[2]**
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
[2]Йован Квижич» география институты, Сербия ғылым және өнер академиясы,
Белград, Сербия

**Аңдатпа.** Мектептегі географияны оқытуда жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) материалдары жер жүйесінің негізгі компоненттерін біріктіруде ғылыми білімнің маңызды элементі ретінде өте маңызды рөл атқарады. Алайда мектеп географиясын оқытуда ЖҚЗ материалдарын қолдануға деген сұранысқа қарамастан, оларды қолдану төмен деңгейде қалып отыр. Сондықтан, бұл зерттеудің мақсаты мектеп географиясын оқытуда ЖҚЗ деректерін пайдалану мүмкіндіктері туралы әдебиеттерге жүйелі шолу жасау болып табылады. Бұл зерттеуде, біз PRISMA әдісін қолдана отырып, Web of Science, Scopus және PubMed дерекқорларында индекстелген ғылыми журналдарда жарияланған мақалаларды талдадық. Нәтижелер көрсеткендей, таңдалған 25 мақаланың 32% - ы шығармашылық және мотивациялық сипатта болса, 24% - ы қашықтықтан зондтау материалдарының географиялық білім берудегі артықшылықтарын түсіндіруге бағытталған. Сонымен қатар біріктірілген зерттеу әдісі бойынша 6 мақала (24%), деректерді талдаудың сапалы әдістерін қолдана отырып 4 мақала (16%), семантикалық желілік талдауды қолдана отырып 4 мақала (16%) жазылғаны анықталды. Саны бойынша 2020 жыл (20%) ең көп мақалалар жарияланған жыл ретінде анықталды. Авторлардың 16% - ы өз зерттеулерін Remote Sensing журналында жариялаған. Осылайша, біз Германия, Ұлыбритания, Греция, Испания және Португалия сияқты Батыс Еуропа елдерінің мектептерде географияны оқытуда ЖҚЗ материалдарын пайдаланудағы оң тәжірибесін анықтадық. Бұл зерттеу мектеп оқушыларының геокеңістіктік танымдық қабілеттерін ЖҚЗ материалдарын қолданудың тиімділігін негіздеу арқылы әдебиетке үлес қосуға бағытталған.

**Кілтті сөздер:** мектеп географиясын оқыту, қашықтықтан зондтау, материалдарды әлеуетті пайдалану, әдебиеттерге жүйелі шолу.

## Систематический обзор литературы о потенциальном использовании материалов дистанционного зондирования в преподавании школьной географии

**Е.Д. Исаков*[1], Ш.У Лайсханов[1], Т. Гаич[2]**
[1]Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан
[2]Географический институт “Йован Цвиич”, Сербская академия наук и искусств, Белград, Сербия

**Аннотация.** В школьном обучении географии материалы дистанционного зондирования Земли (ДЗЗ) играют очень важную роль как важный элемент научного знания в интеграции основных компонентов системы Земли. Однако, несмотря на спрос на использование материалов ДЗЗ в преподавании школьной географии, их использование остается на низком уровне. Поэтому целью данного исследования является систематический обзор литературы о возможностях использования данных ДЗЗ в преподавании школьной географии. В этом исследовании мы проанализировали статьи, опубликованные в научных журналах, индексируемых в базах данных Web of Science, Scopus и PubMed, с использованием метода PRISMA. Результаты показали, что из 25 отобранных статей 32% были творческими и мотивирующими, в то время как 24% были сосредоточены на объяснении преимуществ материалов дистанционного зондирования в обучении географии. Кроме того, установлено, что по методу интегрированного исследования написано 6 статей (24%), 4 статьи с использованием качественных методов анализа данных (16%), 4 статьи с использованием семантического сетевого анализа (16%). По количеству 2020 год (20%) был определен как год публикации наибольшего количества статей. 16% авторов опубликовали свои исследования в журнале Remote Sensing. Таким образом, мы выявили положительный опыт западноевропейских стран, таких как Германия, Великобритания, Греция, Испания и Португалия, в использовании материалов ДЗЗ при обучении географии в школах. Данное исследование направлено на внесение вклада в литературу путем обоснования эффективности использования материалов ДЗЗ геопространственных познавательных способностей школьников.

**Ключевые слова:** преподавание школьной географии, дистанционное зондирование, потенциальное использование материалов, систематический обзор литературы.

*Material received on 15.02.2025*

ҒТАМР 14.25.09 DOI 10.59941/2960-0642-2025-3-116-127

# Физика пәні бойынша қарапайым механикалық құбылыстарды компьютермен көрнекілеу

**Л.А. Смагулова[1], Д.Е. Куатбаева[2]*, Ш.М. Шуиншина[3], М.Б Шакенов[4]**
[1,2,4]Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті
Талдыкорган қ., Қазақстан Республикасы;
[3]Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Астана қ., Қазақстан Республикасы;
E-mail: dana_baisary@mail.ru

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептің физика пәнінің механикалық процестер мен құбылыстарын компьютерлік көрнекілеу арқылы оқытудың тиімділігі зерттелді. Зерттеудің басты мақсаты - қарапайым механикалық құбылыстар мен процестерді компьютерлік көрнекілеу арқылы оқушылардың түсіну деңгейін дамытуды теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеу. Компьютерлік көрнекілеу – оқушының физикалық процесті көз алдына елестетуіне, құбылыстың негізгі заңдылықтарын нақты әрі анық түсінуге жағдай жасайды. Бұл әдіс теориялық білімді практикамен байланыстыра отырып, оқушының ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Физикалық қозғалыстарды анимация түрінде көрсету арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын қабылдауын жеңілдетуге болады. Зерттеу жұмысы барысында Python бағдарламалау тілінің Tkinter кітапханасы қолданылып, оқушылардың түсінуіне жеңіл әрі қарапайым модельдер жасалды. Атап айтқанда, автокөліктің горизонталь жолдағы қозғалысы, дененің еркін құлауы, горизонталь бағытта лақтырылған дененің қозғалысы сияқты механикалық процестер кескінделді. Зерттеу жұмыстары Талдықорған қаласының Құлжабай Қасымов атындағы №28 IT мектеп-лицейінің 9-сыныптарымен жүргізілді. Жұмыста механикалық құбылыстарды көрнекілеу әдісін пайдаланып оқытудың нәтижелері сипатталады. Зерттеу жұмысының соңында білім беру процесіне мұндай әдісті енгізу бойынша ұсыныстар және физиканың басқа бөлімдерін оқытуда компьютерлік технологияларды қолданудың болашақ мүмкіндіктері қарастырылады.

**Кілтті сөздер:** механика, физикалық процесс, модель, компьютерлік көрнекілеу, программа.

**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Смагулова, Л.А., Куатбаева*, Д.Е., Шуиншина, Ш. М., Шакенов, М.Б.** Физика пәні бойынша қарапайым механикалық құбылыстарды компьютермен көрнекілеу//«Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №3 . – Б. 116-127

## Кіріспе

Физикалық процестерді толық түсіну үшін процесті дербес компьютерде көрнекілеудің маңызы зор. Процестің қалай өтетінін көз алдына елестету оқушының процестің негізгі шарттарын толық түсіне білуіне жағдай жасайды. Процестің өтуін толық түсінбеген оқушы оны қате талдап, соның нәтижесінде теориялық тұрғыдан қате шешім қабылдауы мүмкін. Егер процестің жүруі, соңы қалай аяқталатыны белгісіз болса, онда процестің жүруін зерделеген кезде өзі ойлаған бағыты дұрыс деп қабылдап, жалпы құбылыс туралы қате ұғым қалыптасуы мүмкін. Сондықтан физикада берілген құбылысты компьютерлік бағдарлама арқылы көрнекілеу физика-

лық құбылысты талдауда, түсінуде маңызды рөл атқарады.

Виртуалды зертханалар арқылы физика курсының оптика бөлімін оқыту мәселесі Erdoğan Ş.,Bozkurt E. зерттеу жұмысында талқыланған [1]. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды физика курсымен интеграциялау, соның ішінде компьютерлік анимация мен модельдеуді қолдану туралы Hamamous A, Benjelloun N. жұмысында қарастырылған [2]. EduPython құралы арқылы орта білім деңгейіндегі физика курсының интерактивті сабақтары [3]-ші жұмыста келтірілген.

Осыған дейін кейбір механикалық процестер мен термодинамикалық және электростатикалық бейнелеулерді дербес компьютерде көрнекілейтін бағдарламалар Basic, Pascal тілдерінде құрылған болатын [4]. Бірақ физикалық процестер мен құбылыстарды көрнекілеуге арналған қазақ тіліндегі компьютерлік бағдарламалар әлі кең таралмаған. Екіншіден, физика пәнінен сабақ беретін мектеп мұғалімдерінің компьютерлік сауаттылығы, әсіресе физикалық процестерге бағдарлама құру сауаттылығы жоқтың қасы. Еуропаның барлық елдерінде физикалық ғылыми зерттеулерде компьютерлік бағдарламалар кеңінен қолданылады: механика, термодинамика, кванттық физика, оптика, ядролық физика, элементар бөлшектер сияқты физиканың салаларымен қоса, аспан механикасы мен астрофизикада сандық эксперименттер кеңінен орын алған [5, 6, 7].

Сондықтан қазіргі цифрлық технологиялар дәуірінде қазақ мектептерінде физиканы тереңдетіп оқыту үшін физикалық процестер мен құбылыстарды көрнекілеуге арналған бағдарламалар, оларды құруға бағытталған нұсқаулықтар, оқу бағдарламалары қажет.

Орта мектептің бағдарламасына сәйкес мектептерде мүмкіндіктері жоғары Python бағдарламалау тілі оқытылады [8]. Осыған орай, қазіргі уақытта физикалық құбылыстар мен процестерді дербес компьютерде көрнекілеуде бағдарламалау тілдерін пайдалану өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – қарапайым механикалық құбылыстар мен процестерді оқытуда компьютермен көрнекілеу әдісінің тиімділігін анықтау және тәжірибе жүзінде сынау.

## Зерттеудің міндеттері:

- механикалық құбылыстар мен процестерді компьютерлік көрнекілеудің теориялық негіздерін зерттеу;
- механикалық құбылыстарды көрсету үшін компьютерлік модельдер әзірлеу;
- компьютерлік көрнекілеуді қолданудың тиімділігін бағалау мақсатында 9-шы сынып оқушылары арасында эксперименттік зерттеу жүргізу және эксперимент нәтижелерін талдау.

Зерттеу объектісі: жалпы білім беретін мектептің физика пәні бойынша механикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу.

Зерттеу пәні: қарапайым механикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін компьютерлік көрнекілеуді қолдану.

Зерттеудің болжамы: мектептің физика пәнінде механикалық құбылыстар мен процестерді зерттеуде компьютерлік көрнекілеуді қолдану оқу материалын тереңірек түсінуге ықпал етеді, оқушылардың дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда білімді меңгеру деңгейін және физиканы оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Дербес компьютерде физикалық процестер мен құбылыстарды көрнекілеу оқушылардың физика пәні бойынша қызығушылықтарын арттырады, олар құрылған модельдер арқылы құбылыстардың өзгерісін бақылай алады.

Бағдарлама жазғанда әр жолына түсініктеме жазу оқушының процесті, оның қалай өтетінін түсінуіне мүмкіндік береді. Уақыт пен жолдың байланысын, ескі координаттардан жаңа координаттарға өтуді

қалай жазу керек екенін түсініктеменің әр жолын оқып, ойлау арқылы түсінеді. Осы арқылы оқушы физикалық процестерге бағдарлама жазуды үйренеді.

Физика пәнінің механика бөліміндегі есептерді компьютер арқылы көрнекілеу оқушыларға теориялық материалды көрнекі түрде түсінуге, нақты мысалдар арқылы есептерді шешуді үйренуге ықпал етеді. Компьютер арқылы физика пәнінің механика бөліміндегі есептерді көрнекілеу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдіс есептерді шешуде дәлдік пен түсініктілікті қамтамасыз етеді, сонымен қатар оқушылардың физикалық процестерді көрнекі түрде қабылдау қабілетін дамытады.

Көрнекілеуді жүзеге асыру үшін келесі құралдарды пайдалануға болады: GeoGebra – математика және физика есептерін интерактивті түрде көрсетуге арналған құрал, ол қозғалыс, күштер, импульс сияқты физикалық ұғымдарды көрнекі түрде көрсету үшін қолайлы [9]. PhET Interactive Simulations – Колорадо Боулдер университетіндегі физика, химия, математика және басқа ғылымдарды оқытуға арналған тегін онлайн симуляциялар ұсынатын бағдарлама [10]. Matlab немесе Wolfram Mathematica – күрделі есептерді шешу және нәтижелерді графиктермен көрсету үшін қолданылатын бағдарламалар [11]. Algodoo – физикалық қозғалыс пен күштерді көрсету үшін қолданылатын көрнекі құрал [12].

Қарастырылып отырған жұмыста физикалық процестерді компьютермен көрнекілеу үшін **Python** бағдарламалау тілі қолданылды. Python оқушыларға түсінікті әрі оңай меңгерілетін, сонымен қатар, графикалық бейнелер мен анимация жасау үшін тиімді құралдар ұсынатын тіл, бұл бағдарламаны онлайн компилятор арқылы да жүктеуге болады.

**Python** бағдарламалау тілінің **Tkinter** кітапханасы экранда қозғалыстар мен физикалық процестерді көрсету үшін өте ыңғайлы. Осы кітапхана мүмкіндіктерін пайдаланып, механика бөлімінің бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс, яғни, автокөліктің қозғалысы, оның жылдамдығы мен уақыт арасындағы байланысты көрсету, үдемелі қозғалыс, горизонталь бағытта лақтырылған дене қозғалысы сипатталып, қозғалыс объектілері мен траекторияларын экранда көрсетіп, олардың өзгеруін анимация түрінде жаңартып отыруға болады. Әр қозғалыс кезеңі экранда сақталып, оқушыларға процестің қалай өзгеретінін көруге мүмкіндік береді.

## Материалдар мен әдістер

Физика курсының ең алғашқы даму алған және тереңірек зерттелген бөлімі механика болғандықтан, физикалық құбылыстар мен процестерді дербес компьютерде көрнекілеуді механикалық процестерден бастаған жеңіл және оқушылар үшін тиімді.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес зерттеу жұмысында төмендегідей әдістер қолданылды: тест, компьютерлік көрнекілеу әдісі, сауалнама. Компьютерлік көрнекілеу әдісі зерттелетін топтардағы нәтижелерді сипаттау үшін қолданылады.

Жоғарыда қарастырылған болжамды тексеру үшін эксперимент жүргізілді. Бұл зерттеуге Талдықорған қаласының Құлжабай Қасымов атындағы №28 IT мектеп-лицейінің 9А және 9Ә сынып оқушылары қатысты. Екі сыныпта да бірдей көлемде аптасына 2 сабақтан тұратын жалпы саны – 6 сабақ өткізілді, экспериментке 45 оқушы қатысты. Екі топқа да физика пәнінің бір мұғалімі сабақ жүргізді.

Зерттеу эксперименті үш кезеңнен тұрды: анықтаушы, қалыптастырушы және нәтижелі кезеңдер. Бірінші кезең физикалық құбылыстар мен процестер туралы оқушылардың білім деңгейін анықтауға бағытталды. Бұл кезең екі топтың да тақырыптар бойынша білімдерін анықтауға арналды. Бұл кезеңде оқушылардың білімін бағалауға арналған диагностикалық тесттер алынды (1-ші кесте).

**1-кесте - Диагностикалық тест**

| Тест сұрақтары | Жауабы |
|---|---|
| 1. Еркін құлаған дененің қозғалысы қандай қозғалысқа жатады? | |
| 2. Дененің қозғалысы оның ... сипатталады. | |
| 3. Горизонталь бағытта лақтырылған дене қандай қозғалысты орындайды? | |
| 4. Компьютерлік көрнекілеудің басты мақсаты: | |
| 5. Жол және уақыт арасындағы тәуелділік графигі не көрсетеді? | |
| 6. Бірқалыпты қозғалыстағы дененің жылдамдығы: | |
| 7. Еркін құлау кезінде дененің үдеуі неге тең? | |
| 8. Қозғалысты модельдеуде компьютерлік анимацияның артықшылығы неде? | |
| 9. Дененің орын ауыстыруы дегеніміз не? | |
| 10. Қозғалысты көрнекілеуде графиктің көлбеу сызығы нені білдіреді? | |

Тест зерттеу тақырыптары бойынша теориялық және практикалық тапсырмалардан тұратын 10 сұрақты қамтыды: көліктің горизонталь жолдағы қозғалысы, дененің еркін құлауы және горизонталь бағытта лақтырылған дененің қозғалысы. Экспериментке дейін және одан кейін оқушыларға тест жүргізілді.

Нәтижелерді талдау компьютерлік көрнекілеу оқушылардың механикалық құбылыстарды түсіну деңгейіне әсерін анықтауға көмектеседі. Бағалау өлшемдері: 10% – жоғары білім деңгейі (10-нан 9-10 дұрыс жауап). 35% – орташа деңгей (5-8 дұрыс жауап). 55% – төмен деңгей (1-4 дұрыс жауап).

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың екінші кезеңінде оқушыларға екі түрлі әдіспен сабақ өткізілді.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты оқу процесіне компьютерлік көрнекілеуді енгізу және оның оқушылардың механикалық құбылыстарды түсінуіне әсерін талдау.

Эксперименттік топ: механикалық құбылыстарды оқыту компьютерлік көрнекілеу арқылы жүзеге асатын 9А сынып оқушылары. Бұл топта нақты уақыт мезетінде физикалық процестердің динамикасын байқауға мүмкіндік беретін Python бағдарламалау тілінде құрылған компьютерлік модельдер қолданылды.

Бақылау тобы: 9Ә сынып оқушылары механикалық құбылыстарды дәстүрлі әдістермен оқыды: мұғалімнің түсіндіруі, оқулықпен жұмыс істеу, есептер шығару.

Екі топ үшін де келесі тақырыптар бойынша сабақтар жүргізілді:

- горизонталь жолда қозғалған автокөліктің қозғалысы;
- бастапқы жылдамдықсыз еркін түсіп келе жатқан дене қозғалысы;
- горизонталь бағытта лақтырылған дене қозғалысы.

Эксперименттік топта Tkinter кітапханасын қолдана отырып Python бағдарламалау тілінде интерактивті модельдер жасалды. Бұл модельдер:

- бірқалыпты және бірқалыпты үдемелі қозғалысты көрсетуге;

- еркін түсу заңдарын көрсетуге;
- горизонталь бағытта лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттеуге мүмкіндік береді.

Оқушылар параметрлерді өз бетінше өзгерте алады (мысалы, бастапқы жылдамдық немесе биіктік) және бұл өзгерістердің дене қозғалысына әсерін талдай алады.

«Горизонталь жолда қозғалған автокөліктің қозғалысы» тақырыбын өткен кезде теориялық материалды Python бағдарламалау тілінде интерактивті модельдермен көрнекілеу. Әр түрлі жылдамдықтар мен үдеулерде автомобильдің қозғалысын модельдеу, күштердің әсерін көрсету. Компьютерлік модельдерді нақты тәжірибелермен біріктіру.

Бағдарламада негізгі шарттар ретінде автокөліктің ұзындығы мен биіктігін, бастапқы жылдамдығын, бастапқы және соңғы координаттарын алуға болады. Білім алушы бағдарламаны құру үшін түзу сызықты бірқалыпты қозғалыста жол мен жылдамдықтың байланысын, қозғалысты тоқтату үшін берілген шарттардың қайсысын оператор арқылы жазу керек екенін түсіне білуі керек.

Мақсат: бірқалыпты және бірқалыпты үдемелі қозғалысты демонстрациялау.

Модель сипаттамасы: тұрақты жылдамдықпен және үдеумен қозғалатын көлік.

Өлшенетін параметрлер: жылдамдық, уақыт, жүріп өткен жол.

Факторлар: ауа кедергісінің және басқа факторлардың әсерін талдау.

Оқушыларға келесідей тапсырмалар берілді:

1. Тұрақты жылдамдықпен және бірқалыпты үдемелі жылдамдықпен жүру үшін жолдың уақытқа тәуелділік графигін сызыңыз;
2. Компьютерлік модельдеу деректері бойынша автомобильдің үдеуін есептеңіз;
3. Қозғалыс уақыты екі есе артқан кезде көлік жолының қалай өзгеретінін анықтаңыз.

Автокөліктің тұтас дене түріндегі қозғалысын экранда көрнекілеу үшін қандай командалар орын алады, соңы қандай оператормен аяқталады деген сұрақтарды білім алушының жақсы түсінуі керек.

Бұл бағдарлама бірқалыпты түзу сызықты қозғалысты көрнекілейді (1-ші сурет).

| Бағдарлама | Түсініктеме |
|---|---|
| import tkinter as tk | |
| import time | |
| root=tk.Tk() | Терезе ашу |
| root.title("Қозғалыстағы автобус") | |
| canvas=tk.Canvas(root,width=600,height=350) | Автобус суретін салуға парақша дайындау |
| canvas.pack() | |
| X0=30 | Алғашқы мәндерді беру, координат |
| V0=2 | Жылдамдық |
| DT=0.01 | Уақыт қадамы |
| X=X0 | |
| while X+100<800: | Тоқтау шарты |
| canvas.delete("all") | Парақшаны тазалау |
| canvas.create_rectangle(X,200,X+150,300,fill="white") | Автобус салу |
| canvas.create_rectangle(X,225,X+150,300,fill="blue") | |
| canvas.create_oval(X+20,330,X+50,300,fill="black") | |
| canvas.create_oval(X+100,330,X+130,300,fill="black") | |
| canvas.create_restangle(0,275,800,400,fill="gray") | Парақшаны жаңарту |
| canvas.upate() | |
| X=X+V0*DT | |
| time.sleep(dt) | |
| root.mainloop() | |

*1-сурет. Бірқалыпты түзу сызықты қозғалысты көрнекілейтін бағдарлама коды*

Автокөлік қозғалысының экрандағы бейнесі 2-ші суретте көрсетілген.




*2-сурет. Горизонталь жолда бірқалыпты қозғалған автокөлік*

Қалыптастырушы кезең эксперименттік топта теориялық материалдармен қоса компьютерлік модельдермен жұмыс жасау әдістемесін қамтыды. Бұл кезеңнің өзі үш кезеңнен тұрды.

Бірінші кезеңде модельді көрсетіп, оның шарттары түсіндіріледі, мысалы бастапқы параметрлер, уақыт, жылдамдық, қозғалыс. Мұнда оқушылардың назарын негізгі ойларға аудару қажет, мысалы, еркін құлау кезінде жылдамдық қалай өзгереді.

Екінші кезеңде оқушылар дайын модельдермен практикалық жұмыстар орындайды, оқушылар өзбетінше параметрлерді өзгертеді, сонымен қатар, параметрлерді өзгертпес бұрын нәтижені болжайтын тапсырмалар беріледі.

Үшінші кезеңде нақты физикалық заңдар мен компьютерлік модельдерге салыстырмалы талдау жасалады.

Нәтижелі кезең нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргізуді қамтиды.

## Нәтижелер

Анықтаушы кезеңде 45 оқушы арасында тест жүргізілді. Оның нәтижелері: оқушылардың 10% – жоғары білім деңгейін (10-нан 9-10 дұрыс жауап), 35% – орташа деңгей (5-8 дұрыс жауап). 55% – төмен деңгей (1-4 дұрыс жауап) көрсетті.

Оқушылардың көпшілігі үдеу, еркін түсу, бастапқы шарттардың дене қозғалысының траекториясына әсері сияқты ұғымдарды түсінуде қиындықтарға тап болды.

Компьютерлік көрнекілеу әдісін енгізілгеннен кейінгі нәтижелер. Компьютерлік көрнекілеу мен компьютерлік модельдеуді қолдана отырып, қалыптастырушы кезеңнен кейін қайта тестілеу нәтижелері төмендегідей болды: оқушылардың 30% – жоғары білім деңгейіне қол жеткізді. 55% – орта деңгей, 15% – төмен деңгей (бастапқы кезеңдегі 55% - дан айтарлықтай төмендеу) көрсетті.

Осылайша, білімі жоғары оқушылардың үлесі 3 есе өсті, ал деңгейі төмен оқушы-

лардың саны 3 есе азайды.

Экспериментке дейін және одан кейінгі оқушылардың тестілеу нәтижелері 2-ші кестеде берілген.

**2-кесте. Экспериментке дейінгі және одан кейінгі оқушылардың тестілеу нәтижелері**

| Топтар | Экспериментке дейін (Төмен деңгей %) | Эксперименттен кейін (Төмен деңгей %) | Экспериментке дейін (Орта деңгей %) | Эксперименттен кейін (Орта деңгей %) | Экспериментке дейін (Жоғары деңгей %) | Эксперименттен кейін (Жоғары деңгей %) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бақылау тобы | 55 | 45 | 35 | 45 | 10 | 10 |
| Эксперименттік топ | 55 | 15 | 35 | 55 | 10 | 30 |

Экспериментке дейінгі және кейінгі білім деңгейінің салыстырмалы диаграммасы 3-суретте берілген.




*3-сурет. Білім деңгейінің салыстырмалы диаграммасы*

4-ші суреттегі диаграмма эксперименттен кейінгі оқушылардың білім деңгейінің өзгерісін көрсетеді. Екі топтың нәтижелері салыстырылған: бақылау тобы (көк) және эксперименттік топ (сарғылт).




*4-сурет. Эксперименттен кейінгі білім деңгейінің өзгерісі*

Диаграмма эксперименттік топта компьютерлік көрнекілеуді қолданғаннан кейін білімі төмен оқушылардың пайызы төмендегенін және деңгейі жоғары оқушылардың пайызы өскенін анық көрсетеді.

## Талқылау

Зерттеу нәтижесі бойынша эксперименттік топ оқушыларына сауалнама жүргізілді. Эксперименттік топ оқушыларының сауалнамасының нәтижелері бойынша: оқушылардың 85%-ы компьютерлік көрнекілеуді қолдану механикалық процестерді жақсы түсінуге көмектескенін атап өтті. 78% – көрнекілеу әдісі мәселелерді шешуді жеңілдетті деп санайды, ал 62% – өз білімдеріне сенімді бола бастағанын атап өтті.

Ең үлкен прогресс болған негізгі аспектілер:

- қозғалыс траекторияларын түсіну (әсіресе горизонталь лақтыру кезінде);
- үдеудің дене қозғалысына әсерін түсіну;
- эксперимент нәтижелерін болжау мүмкіндігі.

Бақылау тобы (тақырыпты оқыту дәстүрлі тәсілмен өтті) тестілеу нәтижелерінің шамалы жақсарғанын көрсетті (орташа білім деңгейіне+10%).

Эксперименттік топ (компьютерлік модельдерді, көрнекілеуді қолданды) оқу үлгерімінің айтарлықтай өсуін көрсетті (орташа деңгейге+35%).

Зерттеудің нәтижелері компьютерлік көрнекілеуді қолдану оқушылардың механикалық құбылыстарды игеруіне оң әсер ететіндігін растайды. Деректерді талдау бірнеше негізгі аспектілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы талдауы компьютерлік модельдерді және көрнекілеуді қолдана отырып оқитын оқушылар механикалық құбылыстар мен процестерді дәстүрлі

әдіспен оқығандармен салыстырғанда айтарлықтай жақсы нәтижеге жеткенін көрсетті.

Эксперименттік топтағы білімі төмен оқушылардың үлесі 55%-дан 15%-ға дейін төмендеді, ал бақылау тобында төмендеу шамалы болды, 55%-дан 45%-ға дейін.

Білімі жоғары оқушылар саны эксперименттік топта үш есе өсті 10% - дан 30%-ға дейін, ал бақылау тобында ол өзгерген жоқ (10% қалды).

Бұл өзгерістер $\chi^2 = 26.0$, $p = 0.00000226$, яғни статистикалық маңызды: интервенция оқушылардың білім деңгейін едәуір жақсартқан.

Бұл деректер компьютерлік көрнекілеу механикалық құбылыстарды тереңірек түсінуге ықпал ететінін және оқушылардың физикалық процестерді талдау қабілетін жақсартатынын растайды.

Эксперименттің маңызды әсерлерінің бірі оқушылардың физиканы оқуға деген қызығушылығын арттыру болды.

Оқушылардың 78%-ы интерактивті модельдердің арқасында механикалық құбылыстарды оқып үйренуге қызығушылық танытқанын атап өтті. 62% – көркемдеу оларға қозғалыс принциптерін жақсы түсінуге көмектесу себебіне байланысты өз білімдеріне сенімді болды.

Осылайша, компьютерлік технологиялар оқу үлгерімін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларды пәнді тереңірек зерттеуге ынталандырады.

Оң нәтижелерге қарамастан, зерттеуде кейбір шектеулер бар:

- эксперимент бір мектепте жүргізілді және тек 45 оқушыны қамтыды, қорытындыларды растау үшін бірнеше мектептің оқушыларын қатыстыру қажет;
- барлық оқушылар цифрлық технологияны бірдей жақсы қабылдамады, кейбіреулерге бағдарламалық құралдарды меңгеру үшін көбірек уақыт қажет болды;
- дәстүрлі әдістердің (мысалы, практикалық жұмыстардың) компьютерлік көрнекілеумен бірлескен әсері зерттелмеді.

Басқа зерттеу нәтижелерімен салыстырып көрдік. Біздің зерттеу жұмысымызға ұқсас жұмыстар көп емес екені байқадық. Осыған орай төменде берілген дереккөздер Халид Алалавидің зерттеуінде $\chi^2 = 24.258$, $p = 0.000005$ болған, pass-rate эксперименттік топта 45.5% (қарғанда бақылау 10.9%), ал failure rate эксперименттік топта 28% (контрол 72.7%) болған [13]. Мұнда да төмен деңгейдегі оқушылардың саны азайған, ал жоғарыға көтерілу байқалған.

Ал А. Құрақбаеваның мақаласында 520 білімгердің қатысумен жүргізілген зерттеу цифрлық Жаппай онлайн ашық курстар (ЖОАК) және онлайн сабақтар арқылы тәжірибе алдынды және кейінгі когнитивтік сынақтарда көрсеткіштің статистикалық түрде айқын жақсарғанын көрсетті [14]. Бұл нәтижелер paired t-test арқылы талданғанымен, біздің $\chi^2$-пен алынған нәтижелерге ұқсас және оң әсерді растайды.

## Қорытынды

Физика пәнін оқытуды бастаған кезде «физикалық құбылыстар мен процестерді көрнекілейтін бағдарламалар жазу не үшін қажет?» - деген сұрақ туындайды. Мақала осы сұраққа жауап ретінде жазылған ой болатын. Зерттеу негізінде мынандай қорытынды жасауға болады:

Осы уақытқа дейін математика мен физика егіз сияқты бірге оқытылатын. Физикалық процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін математикалық талдау жасап, мұғалім көп уақытын жоғалтатын. Қазіргі кезде физикалық процестер мен құбылыстар компьютерлік көрнекілеу арқылы жеңіл түсіндіріледі. Бұл физика-математика-бағдарлама құру – үш егіз ғылым болып мектеп бағдарламасына ене бастағанының белгісі.

Физикалық құбылыстар мен процестерді көрнекілейтін бағдарламалар жазу оқушылардың ойлау дағдыларын дамытады, олардың табиғатта болып жатқан құбылыстарға назар аударуына, олардың себебін түсінуге өздігінен ұмтылуына ықпал етеді.

Оқушыларда тек механикалық процестерді ғана көрнекілемей, сонымен қатар көзбен көру мүмкін болмайтын басқа да, мысалы, диффузия, электр өрісі потенциалы, кернеулік векторының өзгерісін сипаттау сияқты физикалық құбылыстарды көрнекілейтін бағдарламалар жазуға қызығушылық туындайды.

Алдағы уақытта физика ғылымының алдына қойған мақсаттарының біріне физика пәні оқытушылары мен мұғалімдерін осы бағытта оқыту және болашақ мамандарды дайындау жатады.

Эксперимент компьютерлік көрнекілеудің механиканы оқыту процесіне оң әсері туралы болжамды растады. Интерактивті модельдерді оқу процесіне енгізу физикалық заңдылықтарды тереңірек түсінуге, оқушылардың ынтасын арттыруға және олардың үлгерімін жақсартуға мүмкіндік береді.

Бұл нәтижелер механиканы оқытудың жаңа әдістемелік тәсілдерін әзірлеу және мектеп біліміне цифрлық технологияларды енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Компьютерлік модельдерді және көркемдеуді оқу процесіне енгізу механикалық процестерді, әсіресе дене қозғалысына қатысты тақырыптарды түсінуді айтарлықтай жақсартады. Визуализация тақырыпқа қызығушылықты арттыруға және аналитикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Компьютерлік көркемдеу дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыратын біріктірілген тәсіл оңтайлы болып табылады.

## Қолданылған деректер тізімі

1. **Erdoğan Ş., Bozkurt E.** The effect of virtual laboratory applications prepared for Geometrical Optics Lesson on students' achievement levels and attitudes towards Physics. Pegem Egitim ve Ogretim Dergisi. – 2022. [Электронды ресурс]// – URL:https://www.pegegog.net/index.php/pegegog/article/view/1850/521
2. **Hamamous A., Benjelloun, N.** Impact of the Use of the Physics Crocodile Simulator in the Teaching and Learning of Electricity in High School (Morocco) International Journal of Information and Education Technology. –2022. –№12(10). – P.996-1004. [Электронды ресурс]//– URL: https://www.mendeley.com/catalogue/441d5b4e-c075-3a92-9396-6db23319f31a/
3. **Binek, S., Kimla, D., Jarosz, J., Styc, K.** Using computer simulation to aid the interactive learning of physics in secondary education. Physics Education.–2018. – №53(5). [Электронды ресурс] // – URL:https://www.mendeley.com/catalogue/89b96ef8-a251-3a67-8a92-99e788c5cb62/
4. **Косов, В.Н., Красиков С.А.** Компьютерное моделирование на уроках физики. /Учебное пособие, Алматы, 2001. 115 с.
5. Практикум по компьютерному математическому моделированию. Часть II: Компьютерное моделирование физических процессов: учебно-методическое пособие / О. А. Широкова. – Казань: КФУ, 2015. – 85с. [Электронды ресурс]// – URL: https://kpfu.ru/portal/docs/F1905137221/Part2.pdf
6. **Маликов, Р.Ф.** Практикум по компьютерному моделированию физических явлений и объектов: Учебное пособие.-Уфа: Изд-во БашГПУ, 2005. –291с. [Электронды ресурс]// – URL:http://suroklxj.bget.ru/sibgau/al-malikov.pdf
7. **Шакенов, М.Б., Есимжанова, М.Ж.** Моделирование опыта Резерфорда в персональных компьютерах. //Научный обозреватель. Научно-аналитический журнал, Уфа, – 2019. – № 6.– С.43-45
8. **Смагулова, Л.А.** Python тіліне кіріспе: оқу құралы. Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы ЖУ, 2021ж.-131б.
9. **Ларин, С.В.** Методика обучения математике: компьютерная анимация в среде Geogebra: учебное пособие для вузов / С.В.Ларин.-2-е изд., испр. и доп.-Москва: Издательство Юрайт, 2024. – 233с.
10. PhET Interactive Simulations – URL: [Электронды ресурс] // –https://phet.colorado.edu/en/simulations/browse
11. **Дьяконов, В.П.** MATLAB. Полный самоучитель. – М.: ДМК Пресс, 2012. – 768 с.
12. Algodoo – URL: [Электронды ресурс] // https://novator.team/
13. **Alalawi, K., Athauda, R., Chiong, R., Renner, I.** Evaluating the student performance prediction and action framework through a learning analytics intervention study [Electronic resource] // Education and Information Technologies. – 2024. – Vol. 30. – https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-024-12923-5/metrics
14. **Kurakbayeva, A., Xembayeva, S.** Enhancing professional abilities of university students through digital educational interventions: a study in Kazakhstani universities.//Frontiers education, 2025. [Электронды ресурс] //–URL:https://www.researchgate.net/publication/387812615_

Enhancing_professional_abilities_of_university_students_through_digital_educational_interventions_a_study_in_Kazakhstani_universities

## References


1. **Erdoğan Ş., Bozkurt E.** The effect of virtual laboratory applications prepared for Geometrical Optics Lesson on students' achievement levels and attitudes towards Physics. Pegem Egitim ve Ogretim Dergisi. – 2022. [Electronic resource] //–URL:https://www.pegegog.net/index.php/pegegog/article/view/1850/521
2. **Hamamous, A., Benjelloun, N.** Impact of the Use of the Physics Crocodile Simulator in the Teaching and Learning of Electricity in High School (Morocco) International Journal of Information and Education Technology. –2022. –№12(10). –P.996-1004. [Electronic resource] //–URL:https://www.mendeley.com/catalogue/441d5b4e-c075-3a92-9396-6db23319f31a/
3. **Binek, S., Kimla, D., Jarosz, J., Styc, K.** Using computer simulation to aid the interactive learning of physics in secondary education. Physics Education. –2018. –№53(5). [Electronic resource] //–URL:https://www.mendeley.com/catalogue/89b96ef8-a251-3a67-8a92-99e788c5cb62/
4. **Kosov, V.N., Krasikov, S.A.** Komp'juternoe modelirovanie na urokah fiziki [Computer modeling in physics lessons]. Uchebnoe posobie. –Almaty, 2001. –115 s.
5. **Shirokova, O.A.** Praktikum po komp'juternomu matematicheskomu modelirovaniju. Chast' II: Komp'juternoe modelirovanie fizicheskih processov: uchebnometodicheskoe posobie [Computer Modeling of Physical Processes: A Teaching and Methodological Guide]. –Kazan: KFU. – 2015. –85s. [Electronic resource] //–URL: https://kpfu.ru/portal/docs/F1905137221/Part2.pdf
6. **Malikov, R.F.** Praktikum po komp'juternomu modelirovaniju fizicheskih javlenij i obektov:Uchebnoe posobie.-Ufa: Izd-vo BashGPU, 2005.-291s. [Electronic resource] //–URL:http://suroklxj.bget.ru/sibgau/al-malikov.pdf
7. **Shakenov, M.B., Esimzhanova M.Zh.** Modelirovanie opyta Rezerforda v personal'nyh komp'juterah. // Nauchnyj obozrevatel'. Nauchno-analiticheskij zhurnal, Ufa. –2019. –№ 6. – S.43-45
8. **Smagulova, L.A.** Python tiline kirispe: oku kuraly. Taldykorgan, I.Zhansugirov atyndagy ZhU, 2021zh. –131b.
9. **Larin, S.V.** Metodika obuchenija matematike: komp'juternaja animacija v srede Geogebra: uchebnoe posobie dlja vuzov/ S.V.Larin.-2-e izd., ispr. i dop. Moskva Izdatel'stvo Jurajt, 2024.- 233s.
10. PhET Interactive Simulations [Electronic resource] //–URL:https://phet.colorado.edu/en/simulations/browse
11. **D'jakonov, V.P.** MATLAB. Polnyj samouchitel'. – M.: DMK Press, 2012. – 768 s.
12. Algodoo [Electronic resource] //– URL: https://novator.team/
13. **Alalawi, K., Athauda, R., Chiong, R., Renner, I.** Evaluating the student performance prediction and action framework through a learning analytics intervention study [Electronic resource] // Education and Information Technologies. – 2024. – Vol. 30. – https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-024-12923-5/metrics
14. **Kurakbayeva, A., Xembayeva, S.** Enhancing professional abilities of university students through digital educational interventions: a study in Kazakhstani universities.//Frontiers education, 2025. [Electronic resource] //–URL:https://www.researchgate.net/publication/387812615_Enhancing_professional_abilities_of_university_students_through_digital_educational_interventions_a_study_in_Kazakhstani_universities


# Визуализация простых механических явлений с помощью компьютера по предмету физика

**Л.А. Смагулова[1], Д.Е. Куатбаева[2]* , Ш.М. Шуиншина[3], М.Б. Шакенов[4]**
[1,2,4]Жетысуский Университет им. И. Жансугурова
Талдыкорган г., Республика Казахстан
[3]Национальная академия образования имени И. Алтынсарина
Астана г., Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье изучена эффективность преподавания физики общеобразовательной школы с помощью компьютерной визуализации механических процессов и явлений. Основная цель исследования-провести теоретическое и практическое исследование развития уровня понимания учащимися элементар-

ных механических явлений и процессов посредством компьютерной визуализации. Компьютерная визуализация создает условия для наглядного представления учащимся физического процесса, четкого и ясного понимания основных закономерностей явления. Этот метод способствует развитию мышления учащегося, связывая теоретические знания с практикой. Демонстрируя физические движения в виде анимации, можно повысить интерес учащихся и облегчить восприятие учебного материала. В ходе исследовательской работы была использована библиотека языка программирования Python Tkinter, разработаны легкие и простые для понимания учащимися модели. В частности, были нарисованы механические процессы, такие как движение автомобиля по горизонтальному пути, свободное падение кузова, движение тела, брошенного в горизонтальном направлении. Исследовательская работа проводилась в 9-х классах IT школы-лицея №28 имени Кулжабая Касымова города Талдыкорган. В работе описываются результаты обучения с использованием метода наглядности механических явлений. В конце исследовательской работы рассматриваются рекомендации по внедрению такого метода в образовательный процесс и будущие возможности применения компьютерных технологий при обучении другим разделам физики.

**Ключевые слова:** механика, физический процесс, модель, компьютерная визуализация, программа.

## Computer visualization of simple mechanical phenomena in physics

**Smagulova[1], D. Kuatbayeva*[2], Sh. Shuinshina[3], M. Shakenov[4]**
[1,2,4]Jetysu University by named I. Zhansugurov
Taldykorgan c., Republic of Kazakhstan
[3]Y. Altynsarin National Academy of Education
Astana c., Republic of Kazakhstan

**Abstract.** This article examines the effectiveness of teaching physics in secondary schools using computer visualization of mechanical processes and phenomena. The main purpose of the study is to conduct a theoretical and practical study of the development of students' understanding of elementary mechanical phenomena and processes through computer visualization. Computer visualization creates conditions for visual representation of the physical process to students, a clear and clear understanding of the basic laws of the phenomenon. This method helps to develop the student's thinking by linking theoretical knowledge with practice. By demonstrating physical movements in the form of animation, it is possible to increase the interest of students and facilitate the perception of educational material. In the course of the research, the Python Tkinter programming language library was used, and lightweight and easy-to-understand models were developed for students. In particular, mechanical processes were drawn, such as the movement of a car along a horizontal path, the free fall of the body, the movement of a body thrown in a horizontal direction. The research was conducted in the 9th grades of the Kulzhabai Kasimov IT Lyceum School №.28 in Taldykorgan. The paper describes the learning outcomes using the method of visualization of mechanical phenomena. At the end of the research paper, recommendations for the introduction of such a method into the educational process and the future possibilities of using computer technology in teaching other branches of physics are considered.

**Keywords:** mechanics, physical process, model, computer visualization, program.

*Материал баспаға 12.04.2025 келіп түсті*

ҒТАМР 16.01.33 DOI 10.59941/2960-0642-2025-3-128-142

# Географиялық терминологияның мектеп оқулықтарында жүйелі қолданылуы

**Д.Р. Смакова*[1], Е.Қ. Абдрасилов[2], М.Е.Ажибекова[3], Ж.Б.Адильбекова[4]**
[1,2]Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы
Астана қ., Қазақстан Республикасы
[3,4]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
*danarau.dr@gmail.com

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жалпы орта білім беру мектептеріне арналған география пәні оқулықтарындағы терминдердің құрылымдық және әдістемелік ерекшеліктері мен өзекті мәселелері жан-жақты талданады. Зерттеу нысаны ретінде 7-11-сыныптарға арналған география оқулықтарындағы терминологиялық құрам негізге алынады. Терминдердің сандық көрсеткіші, ғылыми дәлдігі, тілдік сауаттылығы, анықтамалар құрылымы, күрделілік деңгейі және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі арнайы критерийлер бойынша бағаланады. Зерттеу барысында сараптамалық тәсілдер, мазмұнды талдау, анықтамалар құрылымын зерделеу және қайталанатын терминдерге салыстырмалы контенттік талдау қолданылады. Сондай-ақ, сарапшылардың пікірі мен түзету ұсыныстары сапалық талдау нысаны ретінде қарастырылады. Талдау нәтижесінде оқулықтарда орынсыз, қайталанатын және бірізділігі сақталмаған терминдердің кездесетіні анықталады. Оқулықтарда ұсынылған терминдер анықтамаларының күрделілігі және тілдік үйлесімділігі сипатталады. Аударма мен транслитерация мәселелері оқу үдерісін қиындатып, оқушының түсіну деңгейіне кері әсер етеді. Үлгілік оқу бағдарламасы мен оқулықта қолданылған терминдердің арасында мазмұндық және тілдік сабақтастық сақталмауы байқалады. Мақалада терминдердің қисынды жүйеленуі, анықтамалардың ықшам әрі түсінікті болуы және ғылыми стильге сай қалыптастырылуы бойынша нақты ұсыныстар берілген. Зерттеу нәтижесі оқулық сапасын арттыруға, оқу материалдарын жүйелеуге және білім алушыға түсінікті орта қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұстанымдарды негіздейді.

**Кілтті сөздер:** мектеп оқулықтарының терминологиясы, терминологиялық бірізділік, терминжасам тәсілдері, география терминдері, терминдерді оқулықта қолдану

**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Смакова, Д.Р., Абдрасилов, Е.Қ., Ажибекова, М.Е., Адильбекова, Ж.Б.** Географиялық терминологияның мектеп оқулықтарында жүйелі қолданылуы [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №3. – Б. 128–142.

## Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде сапалы оқулықтар ғылыми дәлдікке, құрылымдық бірізділікке және тілдік сауаттылыққа негізделуі тиіс. Оқулықтар тек танымдық құрал ғана емес, ғылыми ұғымдарды меңгеру мен терминологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Терминдердің мазмұны, жүйелілігі, аударма сәйкестігі және пәндік мәнмәтінмен үйлесімділігі өзекті мәселелер қатарында.

Қазақстанда оқулық әзірлеу және сараптау үдерісінде терминологиялық саясаттың бірыңғай стандартының болмауы мазмұн сапасына әсер етеді: бір

ұғым түрліше берілуі, аударма дәлдігінің сақталмауы және оқушы жас ерекшелігінің ескерілмеуі – оқулықтың түсініктілігін төмендететін факторлар.

Әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану оқулық мазмұнын халықаралық терминологиялық стандарттарға сәйкестендіруді талап етеді, алайда бұл бағытта ғылыми-әдістемелік құралдар жеткіліксіз.

Зерттеудің мақсаты – мектеп оқулықтарындағы терминдердің жүйелілігін зерделеп, қолданыстағы оқу материалдарын талдау негізінде сәйкессіздіктерді анықтау және халықаралық тәжірибе негізінде тиімді ұсыныстар беру.

Қазақстандық зерттеулер де осы бағытта маңызды ғылыми негіздер қалыптастырып келеді. Қазақ терминологиясының теориясы мен әдістемелік негізіне елеулі үлес қосқан ғалым Ш. Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминденуі», «Алаш және терминтану», «Терминтану» еңбектерінде терминдердің шығу көздері, мағыналық өзгерістері, аударма мен транслитерация мәселелері, ұлттық терминқордың қалыптасу тетіктерін сипаттайды [1]. Сонымен қатар мектептегі жаратылыстану және математика пәндеріне арналған оқулықтардағы терминологиялық құрамды бағалауға бағытталған С. Нұрғалиеваның әріптестермен бірге жүргізген зерттеу де осы салаға қосымша үлес қосады [2]. Бұл зерттеу оқулықтардағы терминдердің анықтамасы, мысалмен қамтамасыз етілуі, этимологиясы және оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестік тұрғысынан сараланып, оқулық сапасын арттыруға қатысты нақты әдіснамалық негіз ұсынды. А. Ахмет, Г. Бегимова және Ж. Өмірбекова жаратылыстану пәні негізінде мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданыс ерекшеліктерін талдап, олардың ғылыми дәлдігі, оқушы жасына сәйкестігі және тілдік үйлесімділігі тұрғысынан мазмұндық сараптама жүргізді және терминологиялық жүйенің бірізділігі мен әдістемелік негізін қалыптастырудың өзектілігін атап көрсетеді [3].

Соңғы жылдары А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімінде терминдерді стандарттау мен нормалауға бағытталған іргелі жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – «Қазақ терминологиялық қорын қалыптастырудың теориялық негіздері мен лингвистикалық принциптері» атты кешенді зерттеу. Қ.Ж. Айдарбек пен А.О. Азбергенова терминологиялық сөздіктердің түрлері мен құрылымын талдап, ономасиологиялық тәсіл негізінде терминжасамның когнитивтік және семантикалық ерекшеліктерін сипаттайды [4].

Бұл зерттеуде география пәні бойынша терминдердің қолдану ерекшеліктері сараланып, жүйесіздік пен бұрмалаудың оқу мазмұнына әсері көрсетіледі. Сонымен қатар пәндік терминологияны біріздендіру мен жүйелеуге бағытталған қағидаттар айқындалады.

Зерттеудің жаңалығы – оқулықтардағы термин қолданысын кешенді сараптап, әдістемелік ұсыныстардың әзірленуі.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан мектептерінде қолданылатын 7-11- сыныптарға арналған география пәні оқулықтары алынды. Зерттеу барысында отандық «Алматыкітап», «Атамұра» және «Мектеп» жетекші баспалары шығарған оқулықтар қамтылды. Аталған оқулықтар үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленіп, оқу үдерісінде кеңінен пайдаланып келеді.

Оқулық мазмұнын талдауда бірқатар ғылыми әдістер кешені қолданылады. Атап айтқанда, контенттік талдау әдісі арқылы терминдердің қолданылу жиілігі, оқулық бөлімдерінде кездесетін деңгейі және құрылымдық орналасуы айқындалады. Терминологиялық сараптама оқулықтағы ұғымдардың ғылыми дәлдігіне, анықтамалардың бірізділігі мен жүйелілігіне, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкестігіне бағалау жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ салыстырмалы лингвистикалық талдау арқылы бір терминнің түрлі баспаларда қандай нұсқада ұсынылғаны, аударма сапасы мен ұғым-

дық сәйкестік деңгейі салыстырылады.

Терминдерді бағалау үшін арнайы рубрика жасалды. Ол төрт критерийді қамтыды: 1) ғылыми дұрыстығы, 2) пән мазмұнына сәйкестігі, 3) тілдік бірізділігі, 4) оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі. Сараптамалық бағалауға «Жаратылыстану» білім беру саласының пәндері бойынша 11 маман тартылды. Бұл деректерді зерттеудің сенімділігін арттырады және басқа зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдістердің үйлесімділігі зерттеу нысанын кешенді түрде талдауға және мектеп оқулықтарындағы терминологиялық жүйенің сапасына дәл әрі жан-жақты баға беруге мүмкіндік береді.

Халықаралық ұйымдар оқулық сапасына қойылатын талаптар аясында терминологиялық дәлдікке ерекше назар аударады. UNESCO оқулық мазмұнының ғылыми негізделуі мен терминдердің дәлдігіне [5], ал OECD олардың күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігіне мән беру қажеттігін атап көрсетеді [6]. Финляндия, Жапония және Корея оқулықтарында терминдер жас ерекшелік пен қолдану жиілігі ескеріле отырып ұсынылады. Мәселен, Финляндияның National Core Curriculum for Basic Education стандартында оқулықтағы терминология оқушы жас ерекшелігіне және оқу мақсаттарына сәйкес құрылуы қажет деп көрсетілген [7]. Жапонияда MEXT оқу бағдарламасы оқушыларға 1600 – 1800 сөздік бірлікті меңгеруді ұсынса [8], Ichiyama, Y. оқулық мазмұнындағы академиялық сөздердің құрылымы мен жиілік сипаттарын талдап, терминологияны таңдауда оқу деңгейі мен когнитивтік жүктемені ескеру қажеттігін көрсетеді [9]. Оңтүстік Корея зерттеушілері Jeong, H. & Kim, A. терминдердің жас ерекшелігіне сәйкестігі мен оқу мазмұнымен үйлесімділігін талдайды [10]. New General Service List жиілік пен мазмұндық мәнмәтінге негізделген термин іріктеу үлгісін ұсынады; бұл тізім модификацияланған леммалар принципіне сүйеніп (мысалы, rise, rises, rising, risen), грамматикалық формаларды бір топқа біріктіреді. Қазақ тіл білімінде де синтетикалық тәсіл арқылы терминдердің қызметі мен мазмұндық сипаттамасына сәйкес атау жасау жолдары қарастырылады [11].

Бұл зерттеулер терминологиялық бірліктердің мазмұн мен тұрпатын нақтылап, оқулықтағы терминдердің ғылыми және әдістемелік сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді. Терминдердің жүйелі қолданылуын халықаралық және отандық тәжірибеге сүйеніп, 1-кестеде ұсынамыз.

**1-кесте – Терминдердің жүйелі қолданылуын халықаралық және отандық тәжірибенің салыстырмалы қорытындысы**

| Критерий | Халықаралық тәжірибе | Қазақстандық тәжірибе |
|---|---|---|
| Терминдердің бірізділігі | Жоғары деңгейде сақталады | Жиі бұзылады, көп нұсқалық байқалады |
| Аудармалық сәйкестік | Фонологиялық-орфографиялық үйлесім ескеріледі | Калька, транслитерация қиындықтары жиі кездеседі |
| Жас ерекшелігіне сәйкестік | Лексикалық жүктеме деңгеймен реттеледі | Күрделі терминдер мен түсініксіз анықтамалар кездеседі |
| Цифрлық қолдау | Визуалды, интерактивті құралдар кеңінен қолданылады | Шектеулі, жүйелі цифрлық құралдар енгізілмеген |

## Нәтижелер

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мектеп оқулықтарындағы терминология сапасына қатысты бірнеше мазмұндық және құрылымдық мәселелерді анықтады.

Алдыңғы бөлімде сипатталған контенттік және терминологиялық талдау критерийлері негізінде 2-кестеде берілген 7-11-сынып география оқулықтарындағы терминдер ғылыми дәлдік, бірізділік, оқу бағдарламасы мен оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі тұрғысынан бағаланды.

**2-кесте – Терминологиялық аппараты сарапталған оқулықтар тізімі**

| | Баспа оқулықтары | | |
|---|---|---|---|
| | **Атамұра** | **Алматыкітап** | **Мектеп** |
| **7** | География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді /А. Егорина, С. Нуркенов, Е. Шимина – Алматы: Атамұра, 2017. | География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова – Алматыкітап, 2017. | География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова – Алматыкітап, 2017. |
| **8** | | География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова – Алматыкітап, 2018. | География. С. Әбілмәжінова, К. Каймулдинова Мектеп 2018ж |
| **9** | Қазақстан география. Оқулық. 1, 2 Р.Қаратабанов, А.Саипов, Б.Балғабаева, Қ.Сапаров Алматыкітап, 2019 | Қазақстан география. Оқулық. 1, 2 бөлім. В.Усиков, А.Егорина, А.Усикова, Г.Зәбенова Атамұра 2019ж | Қазақстан география. Оқулық. 1, 2 бөлім Ш.Толыбекова, Г.Головина, С.Козина, Е.Ахметов Мектеп 2019 |
| **10** | | Қазақстан география. Оқулық. 1, 2 С. Төлепбекова, А. Аманжолов, А. Жылқайдарова Алматыкітап, 2019 | Қазақстан география. Оқулық. 1, 2 бөлім К. Каймулдинова, С. Әбілмәжінова, Мектеп 2019 |
| **11** | | | Қазақстан география. Оқулық. 11-сынып К. Каймулдинова, Б. Абдиманапов, С. Әбілмәжінова, Мектеп 2020 |

2. Негізгі орта білім берудің 7-9-сыныптарына және жалпы орта білім берудегі жаратылыстану-математикалық бағытта оқытуға арналған 10-11-сынып оқулықтарының терминологиялық құрамы 1-суретте берілген үлгімен іріктелді.

Зерттеу жұмыстарының барысында 7-11-сыныптарға арналған «География» оқулықтарындағы терминология құрамына жасалған сараптама нәтижесінде анықталды:

1. Тақырыптар бойынша қолданылатын терминдердің саны. Кейбір баспа оқулықтарында терминдер мен ұғымдар шамадан тыс немесе жеткіліксіз берілген.
2. Тақырыптар бойынша қолданылатын терминдердің анықтамасында айырмашылықтар орын алады.
3. Кейбір жаңа ұғымдардың анықтамасы берілмеген.
4. Терминдердің берілуі және аударма-

сы Terminсom.kz сайтында бекітілген нұсқаларымен салыстырылып, олардың мазмұндық дәлдігі мен пәндік мәнмәтінге сәйкестігі бағаланды.

Бұл ұйғарымдар оқу бағдарламасымен сәйкестендіріліп, білім алушының меңгеруге тиісті жаңа сөздер мен ұғымдарды анықтау 3-кесте көрсетілген кестені жасау кезінде анықталды.

**3-кесте – География оқулығындағы терминдер**

| География 7-сынып | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **тақырып** | **термин** | **дефициясы** | | **аударма сы** | **термин-ком** | |
| 1-бөлім: Географиялық зерттеулердің әдістері | | География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сынысына арналған оқулық. Екі бөлімді /А. Егорина, С. Нуркенов, Е. Шимина — Алматы: Атамұра, 2017. | География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сынысына арналған оқулық. 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова — Алматыкітап, 2017. | орыс тілінде нұсқасы | қабылданған | Саласы |
| | физикалық география | табиғатты ғылыми тұрғыда зерттеумен айналысады | табиғат құбылыстарын зерттейді | физическая география | | Геология, геодезия және география |
| | әлеуметтік-экономикалық география | шаруашылығы мен тұрғын халқын зерттейді | адам өміріне байланысты ерекшеліктерді зерттейді | социально-экономическая география | 2024 жылы бекітілген | |
| | экономикалық география | | қоғамдық өндірістің аумақтық ұйымдастырылуын, түрлі елдер мен аудандар шаруашылығының аумақтық-экономикалық құрылымын құру ерекшеліктерін зерттейді | экономическая география | 2024 жылы бекітілген | |
| | картография | анықтама берілмеген, терминнің мағынасы ашылмаған | карталарды құрастыру және пайдалану әдістері | картография | 1971-1981 жж бекітілген | география |
| | табиғи кешендер | бір-бірімен тығыз байланысқан құрамдас бөліктер | | природные комплексы | 2022 ж | география, экология |
| | карта, атлас | адамзаттың жылдар бойы түрлі табиғи үдерістер мен құбылыстар жайлы және олардың аумақ бойынша таралуы туралы жинақталған білім көзі болып табылады. | жердің беткі қабатының жазықтықтағы кішірейтілген бейнесі (2-бөлім) | карта, атлас карта - қарты карта-карта | | пән сөздері салалық термин |
| | литосфера | анықтамасы жоқ | | литосфера | | |
| | эллипс | анықтамасы жоқ | | эллипс | | |
| | термометр, барометр, флюгер | ауа райын бақылау құрылғылары | | термометр, барометр, флюгер | | |

3. Оқулық мазмұнындағы терминдер мен ұғымдар құрамының сандық көрсеткіштері анықталды.

Төменде берілген 3 және 4-кестелерде 7-9-сыныптарға арналған «География» оқулықтарындағы ұғымдық-терминологиялық құрам 6 бөлім бойынша, 10-11-сыныптарға арналған оқулықтарынан 7 бөлім бойынша іріктеліп талданды.

**4-кесте – 7-9- сынып оқулықтарында берілген ұғымдық-терминологиялық аппараттың сандық көрсеткіштері**

| № | сынып | Бөлім/ баспа | 1. Географиялық зерттеулердің әдістері | 2. Картография және географиялық деректер қоры | 3. Физикалық география. | 4. Әлеуметтік география | 5. Экономикалық география | 6. Елтану және саяси география негіздері | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 7 | 2 баспа | 83 | 7 | 188 | 13 | 47 | 11 | 349 |
| | | Атамұра, 2017 | 19 | 4 | 84 | 5 | 12 | 7 | 131 |
| | | Алматыкітап, 2017 | 64 | 3 | 104 | 8 | 35 | 4 | 218 |
| | | Ортақ терминдер | 16 | 1 | 31 | 2 | 4 | 2 | 56 |
| 2 | 8 | 2 баспа | 14 | 8 | 155 | 26 | 64 | 27 | 294 |
| | | Мектеп 2018ж | 11 | 7 | 51 | 11 | 27 | 13 | 120 |
| | | Алматыкітап, 2018. | 14 | 4 | 115 | 22 | 42 | 21 | 218 |
| | | Ортақ терминдер | 11 | 3 | 37 | 11 | 12 | 9 | 83 |
| 3. | 9 | 3 баспа | 54 | 11 | 103 | 45 | 66 | 5 | 284 |
| | | Мектеп 2019ж | 26 | 7 | 51 | 30 | 50 | 2 | 166 |
| | | Алматыкітап, 2019 | 13 | 1 | 6 | 2 | 5 | 3 | 30 |
| | | Атамұра, 2019 | 15 | 3 | 46 | 13 | 11 | 0 | 88 |
| | | Ортақ терминдер | 7 | 0 | 4 | 4 | 1 | 0 | 16 |
| Барлығы | | | 151 | 26 | 446 | 84 | 177 | 43 | 927 |

**5-кесте – 7-9 сынып оқулықтарында берілген ұғымдық-терминологиялық аппараттың сандық көрсеткіштері**

| № | сынып | баспа | 1-бөлім Географиялық зерттеулердің әдістері | 2-бөлім Картография және геоинформатика | 3-бөлім Табиғатты пайдалану және геоэкология | 4-бөлім Геосаясат | 5-бөлім Геоэкономика | 6-бөлім Елтану және саяси география негіздері | 7 бөлім Адамзаттың жаһандық мәселелері | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | 10 | 2 баспа | 30 | 27 | 22 | 21 | 43 | 21 | 7 | 171 |
| | | Алматыкітап, 2019 | 11 | 18 | 17 | 12 | 6 | 11 | 3 | 78 |
| | | Мектеп 2019 | 19 | 9 | 5 | 9 | 37 | 10 | 4 | 93 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ортақ терминдер | 5 | 5 | 4 | 4 | 1 | 0 | 1 | 20 |
| 5. | 11 | Мектеп 2020 | 7 | 7 | 19 | 8 | 16 | 2 | 4 | 63 |
| Барлығы | | | 37 | 34 | 41 | 29 | 59 | 23 | 11 | 234 |

Бұл кестелерде әр баспаның баламалы оқулықтарындағы терминдердің сандық көрсеткіші берілген. География оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген оқулықтың бөлімдерінде қамтылған терминдер саны әртүрлі екені анықталды. Мысалы, 7-сынып оқулығында «Географиялық зерттеулердің әдістері» бөлімі бойынша «Алматыкітап» баспасында 64 термин, «Атамұра» оқулығы бойынша 19 термин іріктелді. Солардың ішінде ортақ терминдер саны – 16. Ортақ терминдер санының 16 ғана болуы пәндік тілдің әртүрлі оқулықтарда бірізді берілмейтінін көрсетеді. Бұл фактор педагогтар мен білім алушылар арасындағы тиімді қарым-қатынастың бұзылуына, сондай-ақ оқыту мен білім игеру сапасының төмендеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар оқу жетістіктерін бағалауда (мысалы, тесттер, ҰБТ, бақылау жұмыстарында) стандартты терминдерге негізделмеген дайындық оқушылардың нәтижесіне кері әсер етеді.

Осылайша, терминдер санының сәйкессіздігі оқу сапасына үш негізгі бағытта әсер етеді:

1. Когнитивтік ауырлық немесе жеткіліксіз жүктеме (тым көп немесе тым аз термин);
2. Пәндік тілді меңгерудегі жүйесіздік (оқулықтар арасындағы ортақ терминдердің сандық айырмашылығы);
3. Оқыту мен бағалаудағы теңсіздік (оқулық мазмұнының бағдарлама стандартына сай келмеуі).

Баламалы оқулықтардағы терминологиялық құрамның сандық айырмашылықтарының себептерін анықтау мақсатында олардың мазмұны үлгілік оқу бағдарламасындағы пәндік талаптармен салыстырмалы түрде талданды [12]. 2-суретте 7-11-сынып оқушылары меңгеруі тиіс терминдер бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының базалық мазмұны, ұзақ мерзімді жоспардағы оқу мақсаттарын әр бөлім бойынша талдай отырып іріктелді.

**6-кесте – үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бойынша іріктелген терминдер**

| | Бөлім | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Географиялық зерттеу әдістері | географиялық зерттеу әдістері<br>зерттеу<br>зерттеуші<br>географияның зерттеу нысандары<br>географиялық дереккөздер<br>далалық зерттеу әдісі<br>графикалық әдістер<br>географиялық үдерістер<br>географиялық құбылыстар<br>географиялық тәжірибелер<br>географиялық номенклатура<br>графикалық әдіс<br>карта<br>сурет | географиялық зерттеу әдістері<br>далалық зерттеу<br>картографиялық зерттеу<br>теориялық графикалық зерттеу<br>зерттеуші<br>география ғылымының салалары<br>географиялық модель<br>сандық деректер<br>сапалық деректер<br>географиялық модель | географиялық зерттеу әдістері<br>зерттеу<br>зерттеуші<br>географиялық нысан<br>географиялық құбылыс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мәтін<br>фотосурет<br>графика<br>диаграмма<br>профиль | | |
| 2 | Карто-<br>графия<br>және<br>геогра-<br>фиялық<br>дерек-<br>тер<br>базасы | картография<br>картосхема<br>географиялық деректер базасы<br>географиялық карта<br>географиялық картосхема<br>географиялық номенклатура<br>географиялық деректер | картография<br>географиялық деректер базасы<br>тақырыптық карта<br>профиль<br>диаграмма<br>график<br>кесте<br>ақпараттық-коммуника-циялық технологиялар<br>географиялық деректер | картография<br>географиялық дерек-тер базасы<br>географиялық карта<br>географиялық нысан<br>географиялық үдеріс<br>географиялық құ-былыс<br>географиялық но-менклатура<br>жерді қашықтан зерте-делу әдісі<br>геоақпараттық жүйе |

## Талқылау

Зерттеу нәтижелері география пәніне арналған оқулықтардағы ұғымдар мен терминдер саны біркелкі емес екенін көрсетті. Оқулықтардағы ұғымдар мен терминдер саны бірізді көрсеткіштерге негізделмегендіктен, әр баспаның оқулықтарында айырмашылық айқын байқалады. Мысалы, «Атамұра» баспасының 7-сынып оқулығында 131 ұғым қамтылса, «Алматыкітап» баспасының оқулығында 218 термин бар. Бұл айырмашылық пән бойынша терминдер тізбесінің үлгілік оқу бағдарламасында нақты белгіленбегенін және бірыңғай нұсқаулықтың жоқтығын көрсетеді.

Аталған айырмашылықтар, ең алдымен, оқулық мазмұнының құрылымдық ерекшеліктеріне, авторлық ұстаным мен стильге, сондай-ақ терминдерді іріктеу және қолдану логикасымен байланысты. Терминдердің шамадан тыс көп болуы оқушылардың когнитивтік жүктемесін арттырып, негізгі ұғымдарды жүйелі әрі терең меңгеруіне кедергі келтіруі мүмкін. Бұл өз кезегінде оқу материалының тиімді қабылдануына және білімнің беріктігіне кері әсер етеді.

Терминдердің жеткіліксіздігі оқу материалының мазмұнын терең әрі жүйелі түрде ұсынуға мүмкіндік бермей, ғылыми негіздегі түсініктер мен пәнге тән тілдік құрылымдардың қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдай оқушылардың пәндік құзыреттілігі мен функционалдық сауаттылығына теріс ықпал етуі ықтимал.

Осыған байланысты, оқулықтарда қолданылатын терминдерді үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және пәндік логикаға сай жүйелі іріктеу – оқу үдерісінің тиімділігі мен сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Терминологиялық бірізділік пен әдістемелік үйлесімділікті сақтау оқу материалының ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеріп, ұғымдық аппаратты қалыптастыру мен білім сапасын арттырудың маңызды тетігі саналады.

Салыстырмалы контекст ретінде PISA және TIMSS секілді халықаралық бағалау жүйелері бойынша жоғары нәтиже көрсеткен Финляндия, Канада және Сингапурдың тәжірибелері қарастырылды [13].

## 1. Терминдердің бірізділігі мен жүйелілігі

Қазақстандық орта білім беру оқулықтарында бір терминнің әртүрлі оқулықтарда

әрқалай түсіндірілуі жиі кездеседі. Мысалы, 7-сыныптағы «гидросфера» ұғымы «Алматыкітап» оқулығында «жердің су қабықшасы» деп түсіндіріледі. «Атамұра» оқулығында» «1. Планетамыздың су қабығы, 2. Тірі ағазалардың ертеден бері өмір сүріп келе жатқан ортасы» деп екі рет түсіндірілген. Оқыту мазмұнындағы құрылымдық бірізділіктің болмауы оқушылардың танымдық бірліктерді кезең-кезеңімен игеруіне тосқауыл болады. Канада мен Финляндияда бұл мәселе терминологиялық базаны ұлттық оқу бағдарламасына сәйкестендіру арқылы жүйеленген.

## 2. Терминдердің анықтамасын беру мәселесі

Зерттеу барысында оқулықтарда терминдердің берілуі жеткілікті болғанымен, олардың ғылыми анықтамаларының сапасы мен мазмұндық дәлдігі жиі сақталмайтыны анықталды. Атап айтқанда, сараптамаға тартылған сарапшылардың талдау нәтижесінде кейбір маңызды терминдердің, соның ішінде «физикалық география» ұғымының анықтамасы оқу бағдарламасы мен ғылыми-педагогикалық талаптарға сәйкес келмейтіні дәлелденді.

Мысалы, «Алматыкітап» баспасының оқулығында «физикалық география» терминіне «табиғат құбылыстарын зерттейді» деген тым жалпылама, мазмұндық жағынан шектеулі анықтама берілген. Бұл тұжырым оқушылардың ұғымды ғылыми тұрғыда дұрыс меңгеруіне кедергі келтіріп, пәндік мазмұнды үстірт түсінуіне себеп болуы мүмкін.

Сараптама нәтижесінде ұсынылған нақты әрі кешенді анықтама: «Физикалық география (грекше «φύσις» – табиғат) – географиялық қабықтың табиғат жағдайларын зерттеумен айналысатын ғылым. Географияның бір саласы» – 2014 жылы «Дәуір-Кітап» баспасынан жарық көрген О. Жанәділ «Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары» атты оқу құралындағы анықтамаға негізделіп ұсынылды [14].

Сонымен қатар халықаралық ғылыми тәжірибеге сүйене отырып, *«Физикалық география – бұл Жердің табиғи құбылыстарын, ландшафттары мен географиялық ерекшеліктерін зерттейтін география ғылымының саласы. Ол атмосфера, гидросфера, литосфера мен биосфераның өзара әрекеттесуін, табиғи процестерді, климат пен ауа райының өзгерістерін, жер бедерінің эволюциясын және табиғат ресурстарын зерттейді»* деген кеңейтілген анықтама мазмұндық тұрғыдан әлдеқайда толық әрі ғылыми негізделген болып саналады.

Осыған байланысты оқулық авторлары мен сарапшыларына терминдерге тек қысқаша түсініктеме беру ғана емес, олардың ғылыми негізін, пәндік аясын және оқушы жасына лайық интерпретациясын ескере отырып, дәл әрі бірізді анықтамалар беру ұсынылады. Бұл тәсіл білім сапасын арттыруға, оқу материалының түсініктілігі мен қолданбалығын күшейтуге мүмкіндік береді.

## 3. Оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі

Жүргізілген сараптамалық талдау мектеп оқулықтарында терминдердің тым қысқа анықтамамен шектелетінін де көрсетті. Мұндай тәсіл оқушылардың ғылыми тілге терең бойлауына, ұғымдарды нақты түсініп, оларды тәжірибеде қолдануына кедергі келтіреді. Мысалы, кейбір оқулықтарда «рекультивация», «этнолингвистика» секілді күрделі терминдер ешбір түсініктемесіз берілген, ал «әлеуметтік-экономикалық география» ұғымы «шаруашылығы мен тұрғын халқын зерттейді» деп қысқа әрі үстірт анықталған. Бұл анықтама сарапшылар тарапынан ғылыми талаптарға сәйкес емес деп танылып, оның орнына келесі нұсқа ұсынылды: «Әлеуметтік-экономикалық география – бұл қоғамның экономикалық іс-әрекеттерін, олардың географиялық таралуын, табиғи және әлеуметтік жағдайлармен өзара байланысын зерттейтін география ғылымының саласы».

Сондай-ақ 7-сыныпқа арналған кейбір

«География» оқулықтарында мазмұнды түсінуге күрделілігі жоғары терминдердің, мысалы «геоморфология», «астеносфера», «ионосфера», «медициналық география», «геоэкология» секілді ұғымдардың енгізілгені байқалды. Бұл терминдердің үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнымен сәйкестігі және оқушының жас ерекшелігіне сай келу мәселесі орынды күмән тудырады.

Халықаралық тәжірибе, атап айтқанда Финляндия мен Сингапурдың білім жүйесі, жаңа ғылыми терминдерді кезең-кезеңімен, оқушылардың даму деңгейіне қарай мәнмәтінге кіріктіріп, тапсырмалар мен мысалдар арқылы енгізуді ұсынады [15, 16]. Мұндай әдістеме терминдердің оқушы санасында нақты ұғым ретінде қалыптасуына және пәндік тілге жүйелі үйренуіне мүмкіндік береді.

Осыған байланысты отандық оқулық авторлары мен сарапшыларына келесі маңызды қағидаларды басшылыққа алу ұсынылады:

- терминдерді іріктеуде үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны мен оқушының жас ерекшелігін ескеру;
- әрбір жаңа ұғымға толық, ғылыми негізделген, әдістемелік тұрғыдан түсінікті анықтама беру;
- терминдерді мысал, визуалдандыру және тапсырмалар арқылы кезең-кезеңімен енгізу;
- халықаралық тәжірибені бейімдеп қолдану.

Бұл тәсіл оқулық мазмұнының сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың пәнді терең түсінуіне, ғылыми тілді меңгеруіне және оқу жетістіктерінің артуына ықпал етеді.

## 4. Визуалды материалдармен сүйемелдеу

Қазақ тіліндегі оқулықтарда терминологиялық бірліктердің иллюстрациялармен, диаграммалық көрсетілімдермен немесе нақты мысалдармен толықтырылуы жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылатыны байқалады. Бұл жағдай оқушылардың пәндік ұғымдарды терең түсінуіне және оларды тиімді меңгеруіне кері әсер етуі мүмкін. Sweller когнитивтік жүктеме теориясында оқыту барысында қолданылатын терминологиялық ақпарат биологиялық тұрғыдан екінші реттік білім ретінде қарастырылып, оны меңгеру оқушы жадысына артық салмақ түсірмеуі тиіс, өйткені жады шектеулі көлемде жаңа ақпаратты ғана өңдей алады [17]. Мұндай тәсілдер оқушы миының когнитивтік орталықтарын белсенді ету арқылы оның ұғымды терең меңгеруіне ықпал етеді.

7-кестеде Қазақстан, Финляндия, Канада және Сингапур тәжірибесінде пәндік терминдердің берілу ерекшеліктері салыстырмалы негізде берілген.

**7-кесте – Халықаралық салыстырмалы талдау**

| Критерий | Қазақстан | Финляндия | Канада | Сингапур |
|---|---|---|---|---|
| Терминдердің бірізділігі | Орташа | Жоғары | Жоғары | Жоғары |
| Жас ерекшелікке сәйкестік | Орташа | Жоғары | Жоғары | Жоғары |
| Визуалдандыру | Шектеулі | Көп | Көп | Орташа |
| Аударма/түсініктеме сапасы | Кемшіліктер бар | Түсіндірмелі | Бейімделген | Ағылшынша, түсіндірмесі бар |

Бұл талдау терминдердің мазмұндық жүйелілігі, аударма мен анықтамасының түсініктілігі, оқушы жасына сәйкестігі, сондай-ақ оқу материалының визуалдық сүй-

емелденуі сияқты параметрлер бойынша жүргізілді.

Зерттеу барысында анықталғандай, терминдерді қолдану барысында біріздiлік пен дәлдік жиі бұзылады. Бұл оқушылардың ұғымдық түсінігін қиындатады. Халықаралық тәжірибе бойынша терминологиялық үйлестіру мен пәндік редакциялау міндетті кезең ретінде қарастырады.

Осы мақалада терминдердің шамадан тыс көп болуы когнитивтік жүктемені арттыруға ықпал ететіні теориялық тұрғыдан негізделді. Бұл тұжырым болашақта арнайы эмпирикалық зерттеулермен (оқушылар сауалнамасы, түсіну тестілері, NASA-TLX әдістемесі) дәлелденуі тиіс.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері мектеп географиясы оқулықтарындағы терминологиялық құрамның үлгілік оқу бағдарламасына және оқушы жас ерекшеліктеріне толық сәйкес келмейтінін көрсетті. Терминдер саны мен мазмұнындағы біріздiлiктің сақталмауы – оқу үдерісінің сапасына тікелей әсер ететін маңызды мәселе ретінде анықталды. Терминологиялық құрамның артық немесе ретсіз берілуі оқушының когнитивтік жүктемесін күшейтіп, негізгі ұғымдарды жүйелі меңгеруіне кедергі келтіреді.

Талдау нәтижесінде терминдердің іріктелуінде құрылымдық біріздiлiктің, анықтамалар сапасының және әдістемелік үйлесімділіктің жиі сақталмайтыны анықталды. Кейбір терминдер түсіндірілмей ұсынылған, ал кейбір анықтамалар ғылыми және дидактикалық талаптарға сай келмейді. Мәселен «физикалық география» ұғымының анықтамасы оқулықтарда қысқа және дәлелсіз берілсе, сарапшылар ұсынған ғылыми нұсқалар нақты әрі мазмұнды. Сонымен қатар терминдердің мәнмәтін ішінде берілу логикасы, қайталануы мен орналасу реттілігі де оқулықтан оқулыққа ауытқып отырады.

Халықаралық тәжірибе Финляндия, Сингапур және Жапония елдерінің оқу жүйелері терминдерді оқушының жас ерекшелігі мен пәнді меңгеру деңгейіне қарай сатылай енгізуді тиімді тәсіл ретінде ұсынады. Бұл елдерде терминологиялық жүктеме ғылыми және әдістемелік тұрғыда қатаң реттеліп, пәндік тілді меңгеруге жағдай жасалады.

Осыған байланысты мынадай қорытындылар ұсынылады:

- Оқу пәніне енгізілетін терминдер, ұғымдар мен тіркестер үлгілік оқу бағдарламасының құрылымымен және ұзақ мерзімді жоспардың мазмұнымен сәйкестендіріліп ұсынылуы қажет;
- Терминдердің саны ғана емес, мазмұндық дәлдігі, анықтамалық сапасы, оқушы жасына сәйкестігі ескерілгені жөн;
- Терминдерді іріктеу мен енгізу үдерісі педагогикалық, лингвистикалық және психологиялық тұрғыда үйлестірілуі қажет;
- Біріздiлік пен жүйелілік қамтамасыз етілген жағдайда, оқулықтар оқушының пәндік сауаттылығын, ұғымдық аппаратын және функционалдық білімін дамытуға ықпал етеді.

## Ұсыныстар:

Отандық оқулықтардағы терминологиялық жүйені жетілдіру үшін келесі қағидаларды ұстану ұсынылады:

1) Біріздi терминологиялық база құру. Терминдерді оқу бағдарламасының базалық мазмұнымен және оқу мақсаттарымен үйлестіру арқылы стандарттау, мазмұндық сабақтастық пен пәнішілік логиканы қамтамасыз ету.

2) Ғылыми негізделген анықтамалар беру. Әрбір терминнің мағынасын дәл әрі толық ашып көрсететін, пәндік мәнмәтінде түсінікті ғылыми анықтамалар ұсыну.

3) Жас ерекшелігіне бейімдеу және визуалдандыру. Терминдер оқушының жас

ерекшелігіне сәйкес енгізіліп, олардың меңгеруін жеңілдету үшін мысалдармен, тапсырмалармен және иллюстрациялармен сүйемелдеу.

4) Авторларға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Аударма, термин қолдану және анықтама жазу процесін реттейтін, ғылыми стиль мен лингвистикалық дәлдікті қамтамасыз ететін арнайы нұсқаулықтар дайындау.

5) Глоссарийлерді жүйелеу және жаңарту. Әр пән бойынша пәнішілік және пәнаралық терминдердің глоссарийін әзірлеп, оны кезең-кезеңмен жаңарту арқылы бірыңғай мазмұндық жүйе құру.

Жалпы алғанда, терминологиялық сапа – оқулықтың тек тілдік емес, ғылыми-әдістемелік көрсеткіші де болып табылады. Сондықтан да оқу әдебиетін әзірлеу және сараптау үдерісінде терминологиялық дәлдік пен бірізділіке ерекше назар аудару – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті талаптарының бірі.

Алғыс білдіру / қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығында жүзеге асырылып жатқан ЖТН AP08855878 «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша мектеп оқулықтарының ұғымдық-терминологиялық аппаратын жүйелеудің ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу аясында жүргізілді.

Ғылыми мақаланы әзірлеу барысында терминологиялық талдау, құрылымдық сараптама және мәтінді редакциялау үдерістерінде Microsoft Copilot жасанды интеллект құралы қолданылды. Құрал мазмұнды жүйелеу, әдебиет тізімін рәсімдеу және ұсыныстар бөлімін құруда көмек ретінде пайдаланылды. Барлық ғылыми тұжырымдар авторлардың жеке сараптамасына негізделген.

## Қолданылған деректер тізімі

1. **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. [Электронды ресурс] // – URL: https://adebiportal.kz/kz/books/view/qazaq-terminologiiasy-zertteuler-oqulyq-sozdik-bibliografiia__1172
2. **Nurgaliyeva, S., Bolatov, A., Akhmet, A., Omarov, S., Smakova, D.** School terminology: Exploring the terminological apparatus of textbooks in natural and mathematical subjects // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – №8(1). – Б. 665–678. – https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i1.4413
3. **Ахмет, А.Н., Бегимова, Г.А., Өмірбекова, Ж.К.** Мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданысы (жаратылыстану пәні негізінде) // Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2024. – №4(75). – Б. 468–481. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.029
4. **Айдарбек, Қ.Ж.** Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық аспектісі: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. – Алматы, 2009. – 58 б.
5. UNESCO. Teaching and learning: achieving quality for all. Education for all global monitoring report. – Paris: UNESCO, 2014. [Электронды ресурс] // – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000225660
6. OECD. Tackling functional illiteracy. – 2019. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.oecd.org
7. Finnish National Agency for Education. National core curriculum for basic education 2014. – Helsinki, 2016. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.oph.fi/en/education-and-qualifications/national-core-curriculum-primary-and-lower-secondary-basic-education
8. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology (MEXT). Course of study for elementary and lower secondary schools. – Tokyo, 2017.
9. **Ichiyama, Y.** A comparison of phonology-orthography consistency and L1-absent phonemes in junior high school English language textbooks in Japan and South Korea // Open Journal of Modern Linguistics. – 2024. – №14(5). – Б. 806–820. – https://doi.org/10.4236/ojml.2024.145043
10. **Jeong, H., Kim, A.** The digital textbook in South Korea: Opportunities and challenges // New media and learning in the 21st century / ред. T. B. Lin, V. Chen, C. S. Chai. – Springer, 2015. – Б. 77–91. – https://doi.org/10.1007/978-981-287-326-2_6
11. **Browne, C., Culligan, B., Phillips, J.** The New General Service List. – 2013. [Электронды ресурс] // – URL: http://www.newgeneralservicelist.org
12. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің үлгілік оқу бағдарламалары. – 2022. [Электронды ресурс] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767

13. OECD. PISA 2018 Results. Volume I: What Students Know and Can Do. – 2019. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.oecd.org/pisa/publications/pisa-2018-results.htm

14. **Жанәділ, О.** Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары: оқу құралы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2014. – 86 б.

15. Ministry of Education Singapore. Science syllabus – lower secondary. – 2020.

16. Finnish National Agency for Education. Core curriculum for basic education. – Helsinki, 2016.

17. Sweller, J. Cognitive load theory // Psychology of Learning and Motivation. – 2011. – №55. – Б. 37–76. – https://doi.org/10.1016/B978-0-12-387691-1.00002-8

## References

1. **Kurmanbaiuly, Sh.** Qazaq terminologiyasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografiya [Kazakh Terminology: Research, Textbook, Dictionary, Bibliography]. – Almaty: Sardar baspa uii, 2014. [Electronic resource] // – URL: https://adebiportal.kz/kz/books/view/qazaq-terminologiiasy-zertteuler-oqulyq-sozdik-bibliografiia__1172

2. **Nurgaliyeva, S., Bolatov, A., Akhmet, A., Omarov, S., & Smakova, D.** School terminology: Exploring the terminological apparatus of textbooks in natural and mathematical subjects // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – Vol. 8(1). – P. 665–678. – https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i1.4413

3. **Ahmet, A.N., Begimova, G.A., & Omirbekova, Zh.K.** Mektep oqulyqtaryndagy terminderdiñ qoldanysy (jaratylystanu päni negizinde) [Terminological Usage in School Textbooks: A Case of Science Subjects] // Abilaikhan atyndagy QazHKQjÄTU khabarsysy. Pedagogika gylymdary seriyasy. – 2024. – № 4(75). – P. 468–481. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.029

4. **Aidarbek, Q. Zh.** Qazaq terminologiyalyq atalymynyñ onomasiologiyalyq aspektisi: filologiya gylymdarynyñ doktory gylymi därezhesin alu üşin dayindalgan dissertatsiyanyñ avtoreferaty [The Onomasiological Aspect of Kazakh Terminological Designation: Abstract of the Dissertation for the Degree of Doctor of Philology]. – Almaty, 2009. – 58 p.

5. UNESCO. Teaching and learning: achieving quality for all. Education for all global monitoring report. – Paris: UNESCO, 2014. [Electronic resource] // – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000225660

6. OECD. Tackling functional illiteracy. – 2019. [Electronic resource] // – URL: https://www.oecd.org

7. Finnish National Agency for Education. National core curriculum for basic education 2014. – Helsinki, 2016. [Electronic resource] // – URL: https://www.oph.fi/en/education-and-qualifications/national-core-curriculum-primary-and-lower-secondary-basic-education

8. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology (MEXT). Course of study for elementary and lower secondary schools. – Tokyo, 2017.

9. **Ichiyama, Y.** A comparison of phonology-orthography consistency and L1-absent phonemes in junior high school English language textbooks in Japan and South Korea // Open Journal of Modern Linguistics. – 2024. – Vol. 14(5). – P. 806–820. – https://doi.org/10.4236/ojml.2024.145043

10. **Jeong, H., & Kim, A.** The digital textbook in South Korea: Opportunities and challenges // New media and learning in the 21st century / Ed. by T. B. Lin, V. Chen, C. S. Chai. – Springer, 2015. – P. 77–91. – https://doi.org/10.1007/978-981-287-326-2_6

11. **Browne, C., Culligan, B., & Phillips, J.** The New General Service List. – 2013. [Electronic resource] // – URL: http://www.newgeneralservicelist.org

12. Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministriniñ 2022 jyly 16 qyrküiektegi № 399 buirygy. Bastauysh, negizgi orta jäne jalpy orta bılım deñgeileriniñ ülgilik oqu bağdarlamalary [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan No. 399 dated September 16, 2022. Model Curricula for Primary, Basic Secondary, and General Secondary Education Levels.]. – 2022. [Electronic resource] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767

13. OECD. PISA 2018 Results. Volume I: What Students Know and Can Do. – 2019. [Electronic resource] // – URL: https://www.oecd.org/pisa/publications/pisa-2018-results.htm

14. **Zhanädil, O.** Fizikalyq geografiyanyñ terminderi men ugymdary: oqu qūraly [Terms and Concepts of Physical Geography: A Textbook]. – Almaty: Däuir-Kitap, 2014. – 86 p.

15. Ministry of Education Singapore. Science syllabus – lower secondary. – 2020.

16. Finnish National Agency for Education. Core curriculum for basic education. – Helsinki, 2016.

17. **Sweller, J.** Cognitive load theory // Psychology of Learning and Motivation. – 2011. – Vol. 55. – P. 37–76. – https://doi.org/10.1016/B978-0-12-387691-1.00002-8

## Системное применение географической терминологии в школьных учебниках

**Д.Р. Смакова*[1], Е.К. Абдрасилов[2], М.Е. Ажибекова[3], Ж.Б. Адильбекова[4]**
[1,2]Республиканский центр оценки содержания научно-практического образования

г. Астана, Республика Казахстан
[3,4]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан
*danarau.dr@gmail.com

**Аннотация.** В данной статье всесторонне анализируются структурные и методические особенности, а также актуальные проблемы терминов, используемых в учебниках по географии для общеобразовательных школ. В качестве объекта исследования рассматривается терминологический состав учебников по географии для 7–11 классов. Термины оцениваются по специальным критериям, таким как количественные показатели, научная точность, языковая грамотность, структура определений, уровень сложности и соответствие возрастным особенностям учащихся. В процессе исследования применяются экспертные методы, контент-анализ, изучение структуры определений и сравнительный анализ повторяющихся терминов. Кроме того, мнения экспертов и предложения по корректировке рассматриваются как объект качественного анализа. В результате анализа выявлено наличие в учебниках терминов, которые являются неуместными, повторяющимися и непоследовательно представленными. Описываются сложность и языковая согласованность определений терминов, представленных в учебниках. Проблемы перевода и транслитерации затрудняют образовательный процесс и негативно влияют на уровень понимания учащихся. Установлено отсутствие содержательной и языковой преемственности между типовой учебной программой и используемыми в учебниках терминами. В статье даны конкретные рекомендации по логической систематизации терминов, краткости и ясности определений, их формулированию в соответствии с научным стилем. Результаты исследования обосновывают методологические подходы, направленные на повышение качества учебников, систематизацию учебного материала и создание доступной образовательной среды для обучающихся.

**Ключевые слова:** терминология школьных учебников, терминологическая унификация, способы терминообразования, географические термины, использование терминов в учебнике.

## Systematic Use of Geographical Terminology in School Textbooks

**D.R. Smakova*[1], Y.K. Abdrasilov[2], M.E. Azhibekova[3], Zh.B. Adilbekova[4]**
[1,2]Republican Center for Evaluation of the Content of Scientific and Practical Education, Astana, Republic of Kazakhstan
[3,4]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
*danarau.dr@gmail.com

**Abstract.** This article provides a comprehensive analysis of the structural and methodological features, as well as the pressing issues, of terminology used in geography textbooks for general secondary education schools. The object of the study is the terminological content of geography textbooks for grades 7 to 11. Terms are evaluated based on specific criteria such as quantitative indicators, scientific accuracy, linguistic correctness, definition structure, level of complexity, and appropriateness for students' age characteristics. The research employs expert analysis methods, content analysis, structural examination of definitions, and comparative analysis of recurring terms. In addition, expert opinions and suggestions for revisions are considered as part of the

qualitative analysis. The results reveal the presence of inappropriate, repetitive, and inconsistent terms in the textbooks. The complexity and linguistic coherence of the definitions presented in the textbooks are described. Issues related to translation and transliteration are found to complicate the learning process and negatively affect students' comprehension. A lack of content and linguistic continuity between the model curriculum and the terminology used in the textbooks is observed. The article provides specific recommendations for the logical systematization of terms, the conciseness and clarity of definitions, and their formulation in accordance with the scientific style. The findings justify methodological approaches aimed at improving textbook quality, organizing educational content, and creating a more comprehensible learning environment for students.

**Keywords:** terminology of school textbooks, terminological consistency, methods of term formation, geographical terminology, use of terms in textbooks.

*Материал баспаға 21.07.2025 келіп түсті*

SRSTI 14.25.07 DOI 10.59941/2960-0642-2025-3-143-159

# Review of research on the effectiveness of the STEAM approach in the formation of spatial thinking in elementary school students

**G.A. Totikova[1], A.A. Yessaliyev[2]*, P.Zh. Parmankulova[3], L.T. Iskakova[4]**
[1,2,3]M. Auezov South Kazakhstan State University
Shymkent, Republic of Kazakhstan
[4]A.Kuatbekov Peoples' Friendship University
Shymkent, Republic of Kazakhstan
*aidar.esali@mail.ru

**Abstract.** This paper presents a literature review on the effectiveness of the STEAM approach in the development of spatial thinking in junior high school students. The STEAM approach, which integrates science, technology, engineering, art and maths, has become a subject of interest in education due to its potential ability to stimulate the development of various cognitive skills. Spatial thinking, important for understanding three-dimensional objects and the relationships between them, plays a key role in learning STEM subjects and everyday life. The aim of the research is to study the peculiarities of spatial thinking development in younger schoolchildren, to identify the key stages of cognitive process formation, and to find out the factors influencing its effective development at an early age. This review analyses the results of studies demonstrating the influence of the STEAM approach on spatial thinking in primary school children. Various methods of applying the STEAM approach in the learning process and their effectiveness are discussed, and directions for future research in this area are highlighted. The findings highlight the importance of implementing STEAM education in primary grades to foster the development of spatial thinking in young learners. The article is of value for teachers, psychologists and parents, providing information about key aspects of spatial thinking development in younger schoolchildren, can be used to optimise educational programmes and develop personalised teaching methods.

**Key words:** STEAM, spatial imagination, mental interaction of objects, cognitive abilities, primary school students.

**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Totikova, G.A., Yessaliyev, A.A., Parmankulova, P.Zh., Iskakova, L.T.** Review of research on the effectiveness of the STEAM approach in the formation of spatial thinking in junior schoolchildren [Text] // Scientific and Pedagogical Journal «Bilim». – Astana: NAE named after Y. Altynsarin, 2025. – №3. – 143-159.

## Introduction

Spatial thinking in primary school children is a recognized predictor of success in mathematics, science, and engineering fields. Its development is described in the classical works of J. Piaget and B. Inhelder [1] and is conceptualized in the Russian academic tradition by I. S. Yakimanskaya as a system of operations on images reflecting spatial relationships of objects [2]. Modern cognitive reviews (N. Newcombe et al.) further emphasized the multilevel nature of spatial cognition and its connection to learning outcomes [3, 4]. However, despite the growing popularity of the STEAM approach, which focuses on interdisciplinary integration and project-based activities [5, 6], the mechanism and empirical effectiveness of specific STEAM methodologies for developing

spatial thinking in primary school children remain understudied. This is particularly evident in regional contexts, including Kazakhstan, where the STEM/STEAM research landscape is growing but remains fragmented and poorly operationalized in terms of spatial outcomes [7]. Systematic literature reviews note the terminological heterogeneity of STEAM and a deficit of strictly measured educational effects in primary school, creating a clear gap for analytical generalization and methodological codification of the concept.

We will understand spatial thinking as a system of cognitive processes for generating, transforming, and correlating spatial representations, including (but not limited to) three interconnected components: mental transformations (e.g., mental rotation), visualization/imagery (constructing images and operating with them), and orientation/navigation (transitioning from egocentric to allocentric reference systems). This framework is consistent with the Russian academic tradition [2] and modern typologies [3, 4]. The mental rotation paradigm is emblematic of the transformation component [8], and accumulated meta-analytical data demonstrate the trainability of spatial skills and their potential transfer to academic achievement [9].

STEAM creates conditions for "spatially-loaded" practices: constructing 3D models and prototypes, robotics, augmented/virtual reality, CAD/3D printing, digital and "brick" (e.g., LEGO) design. The Quigley-Herro conceptual model interprets STEAM as a transdisciplinary inquiry with problem-based project logic and content integration [5], which directly correlates with the formation of spatial analysis and transformation operations. Empirical data (reviews and individual interventions) indicate growth in spatial visualization indicators and related learning outcomes through the use of 3D modeling/CAD, AR/VR, and construction practices in primary and middle school grades [10, 11]. Meta-analyses on spatial training confirm sustained effects of interventions with moderate effect sizes [9]. Nevertheless, the methodological rigor of the measurements and the comparability of the instruments remain uneven.

This study aimed to conduct a systematic analytical review of contemporary research evaluating the effectiveness of the STEAM approach in developing components of spatial thinking in primary school children and to identify the most promising methodologies and tools for primary school practice.

Research Questions (RQ):

RQ1. Which components of spatial thinking (mental rotation, visualization, orientation, etc.) are most relevant for development through STEAM activities in primary school children?

RQ2. Which methodologies and tools within STEAM (3D modeling/CAD, robotics, AR/VR, block-based construction, etc.) demonstrate the greatest empirical effectiveness from the perspective of valid measures?

RQ3. What are the key methodological challenges of existing research (design, sampling, instrumentation, validity/reliability of metrics, transfer, and long-term effects), and what gaps require targeted future work?

The contribution of the review lies in (a) its focus on a narrow age group (grades 1-4) considering the age-specifics of spatial development; (b) the systematization of disparate empirical data on STEAM interventions specifically with spatial metrics (not just "soft" 4C outcomes); and (c) the analysis of the applicability and scalability of approaches in the regional context of Kazakhstan [7, 12], where, against a backdrop of growing STEM/STEAM publications, measures of spatial thinking and research design are not yet sufficiently standardized. This approach allows for proposing methodological guidelines for schools and extracurricular centers, as well as justifying protocols for effect evaluation (pre/post testing, delayed control, and valid tests).

## Review methodology

Below, we reconstruct the methodology for a systematic review on the topic "STEAM

approach and the development of spatial thinking in primary school children," built post factum based on the actual corpus of sources included in the manuscript and the provided reference list (hereinafter referred to as the "corpus"). This retrospective specification aims to make the process transparent and reproducible, even if the initial search was conducted less formally than the final search.

## 1 Search Strategy

**Аңдатпа.** Мақалада білім берудегі робототехника бойынша жобалық іс-әрекетті ұйымдастыруда тәлімгердің педагогикалық рөлін анықтау және оны құрылымдық модель ретінде ұсыну мәселесі қарастырылады. Зерттеу World Robot Olympiad (WRO) халықаралық жарысына қатысушылар оқушылар мен олардың менторларынан сауалнама алу арқылы жүргізілді. Зерттеу барысында аралас әдіс қолданылып, сандық деректер статистикалық талдалды және сапалық жауаптар мазмұндық талдау әдісімен өңделді. Нәтижесінде, жобалық оқыту барысында тәлімгердің рөлі жеті негізгі кезең бойынша жүйеленіп, әр кезеңге тән педагогикалық функциялар (бақылау, басқару, кеңес беру, мотивациялық қолдау) нақтыланып сипатталды. Сондай-ақ ұсынылған модельде жоба барысында туындайтын техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді шешудің балама жолдары қарастырылған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – тәлімгерлік қызметтің жобалық оқу құрылымына интеграциялануы арқылы педагогикалық модель ретінде ұсынылуы. Ұсынылған модель білім беру тәжірибесінде, әсіресе білім берудегі робототехника мен STEM бағытындағы үйірмелерде, оқушылардың жобалық және инженерлік құзыреттерін жетілдіруде тиімді құрал бола алады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері тәлімгерлік жүйені педагогикалық даярлық бағдарламаларына енгізу қажеттігін негіздейді және болашақта менторлықты цифрлық білім беру платформаларымен ұштастыру мүмкіндіктерін ұсынады.

**Кілтті сөздер:** тәлімгерлік, білім берудегі робототехника, жобалау, педагогикалық модель, дағды, білім беру технологиялары.

**Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Сейсенбек, М.Ә., Адылбекова, Э.Т., Нургалиева, С.А, Ерланова, Г. Ж.** Мектептегі робототехникалық жобаларды ұйымдастырудағы тәлімгердің педагогикалық негіздері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №3. – Б. 187-197.

## Кіріспе

Соңғы жылдары орта мектептерде STEM саласына негізделген пәндер бойынша жобалық жұмыстар ұйымдастыруға, оқушыларды тәжірибелік жұмыстар жасау арқылы ғылыми-жобалық жарыстарға даярлауға және XXI ғасыр дағдыларын жетілдіретін бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге ерекше мән беруде. Дегенмен бұл бастама, еліміздің стратегиялық міндеттерімен тығыз байланысты. Атап айтқанда, мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында [1] көрсетілгендей, білім беру жүйесі елдің техно-

логиялық және инновациялық әлеуетін арттырудың негізгі тетігі ретінде қарастырылуда. Осыған орай, IT саласы, әсіресе жасанды интеллектті зерттеуге, дұрыс қолдануға негізделген шаралар белсенді ұйымдастырылуда.

Білім беру жүйесінде оқушылардың инженерлік-техникалық ойлауын дамытуға, дағдыларын қалыптастыруға және олардың практикалық жобалар арқылы өз әлеуетін жүзеге асыруына бағытталған оқу формаларына деген қызығушылық арта түсуде. Мұндай мүмкіндікті тиімді жүзеге асыратын салалардың бірі – робототехника саласы. Яғни оқушылардың техникалық дағдыларын ғана емес, сонымен бірге зерттеушілік қабілетін, сыни ойлауын, топпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді.

Сонымен қатар оқу процесін зерттеу барысында әрқашан оқушыларды ынталандыру мәселесі туындайды. Осындай жағдайларда ынталандырушы әдістердің бірі оқушыларды конкурстар мен жобалық байқауларға қатыстыру. Қазіргі таңда робототехника бойынша ұйымдастырылатын бірнеше жарыс түрлері бар және көбінде екі бағытта ұйымдастырылады:

1. Спорттық робототехника – роботтың арнайы алаңы, орындайтын тапсырмасы бар. Тапсырманың дұрыс орындалуы және жылдам орындалуына байланысты роботтар бәсекеге түседі.
2. Жобалық робототехника – ғылым мен технологиялардың салалары зерттеліп, нақты уақыттағы мәселелерді шешуге бағытталған инновациялық шешімдер бәсекеге түседі.

Оқушылардың жоғарыдағы жарыс түрлеріне қатысуы тек техникалық дайындықпен шектелмейді, сонымен қатар олардың жобалық ойлауын, креативтілігін, уақытты тиімді басқару қабілетін жетілдіруге бағытталған педагогикалық қолдауды талап етеді. Демек, педагог-ментордың (тәлімгерлік) рөлі айрықша маңызға ие. Тәлімгер оқушыларды жарысқа дайындау үдерісінде бағыттаушы, ұйымдастырушы, кеңесші және мотивациялық көшбасшы ретінде көмек береді. Ол оқушының тек робот құрастыруына немесе код жазуына ғана емес, сонымен қатар ғылыми идеяны ұсынуына және нақты мәселемен байланыстыра алуына, жобаны қорғау мәдениетін меңгеруіне тікелей ықпал етеді.

Тәлімгерлік. Робототехника саласындағы тәлімгерлікке қатысты жүргізілген ғылыми зерттеулер оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіруіне, STEM пәндеріне деген қызығушылықтарының артуына және практикалық дағдыларды жетілдіру бойынша нәтижелер алғанын дәлелдейді. Әртүрлі елдерде, әртүрлі жастағы оқушылармен жүргізілген бұл зерттеулердің басым бөлігі жобалық оқыту, peer-mentoring (қатарластарынан үйрену), cascade mentoring (бір деңгейден екіншіге беру), сондай-ақ қызметтік-оқыту (service-learning) әдістерін қамтиды. Төмендегі 1-кестеде робототехникалық тәлімгерлік бойынша білім беру жүйесінде әлемдік жиі сілтеме жасалатын он ғылыми мақала жинақталып, олардың авторлары, зерттеу нысаны, қолданылған әдістері мен алынған негізгі нәтижелері көрсетілген. Талдау нәтижесі робототехниканы оқытуда тәлімгерлік қолдаудың маңыздылығын сипаттап, педагогикалық модельдерді жетілдіруге теориялық әрі практикалық негіз бола алады.

**1-кесте – Робототехника саласындағы тәлімгерлік бойынша әдебиеттерге шолу**

| № | Мақала атауы | Зерттеу нысаны | Қолданылған әдісі | Негізгі нәтижелері | Сілтеме |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | The Acquisition of Computational Thinking through Mentoring | Бастауыш сынып оқушылары (Beebot роботымен) | Квазии эксперимент, аралас әдіс | Есептеуіш ойлау, ынталандыру және ынтымақтастық жақсарды | [2] |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Cascade Mentoring Experience | Жоғары сынып оқушыларына арналған peer-mentoring | Жобалық оқыту, бірлескен педагогика | Компьютерлік ғылым мен ғылымға деген қызығушылық артты | [3] |
| 3 | Service-learning Robotics Outreach and Mentorship | Университет студенттері бастауыш пен орта мектеп оқушыларын тәлімгерлейді | Аутрич бағдарламасы | STEM-ге қызығушылық, креативті ойлау дамыды | [4] |
| 4 | RoboCupJunior Primer | Орта және жоғары сыныптар, онлайн ресурстар арқылы тәлімгерлік | Онлайн платформа, контент құру | Ынтымақтастықты, оқу бағдарламасын дамытуға көмектеседі | [5] |
| 5 | Excessive Mentoring? | Жоғары сыныптағы робототехника командалары | Шеберлікке үйрету моделі | Кейде менторлар доминант болу мүмкін, бірақ үлгі көрсету пайдалы болды | [6] |
| 6 | Cross-Disciplinary Robotics Mentorship | Инженерлік және педагогикалық мамандықтар | Командалық жоба моделі | Жұмыс дағдылары: көшбасшылық, презентация, командалық жұмыс дамыды | [7] |
| 7 | Teaching with Robots: A Service-Learning Approach to Mentor Training | Университет студенттері мектеп оқушыларына тәлім береді | Service-learning курсы | Техникалық және педагогикалық дағдылар жақсарды | [8] |
| 8 | Effectiveness of Robotics Peer Mentoring Program for Raising Interest in Engineering, Science and Technology | Университет → орта мектеп; бағдарламалау, электроника | Практикалық тәлімгерлік | Электроника сабағына қызығушылық өсті, оқушылар саны артты | [9] |
| 9 | Robotics in Education | Орта мектеп оқушылары, жобалық тәсілдер | Жобалық оқыту, виртуалды зертханалар | STEM бағыттарына ынта артты, практикалық дағдылар дамыды | [10] |
| 10 | Hands Off: Mentoring a Student-Led Robotics Team | Оқушы жетекшілігіндегі команда | Кейс-стади, сапалық әдіс | Автономия, сенімділік, ынтымақтастық қалыптасты | [11] |

Сонымен тәлімгер жобаның әр кезеңінде оқу материалы мен практикалық әрекетті сабақтастырып, оқушының қабілетіне сай оқу траекториясын құрып отыруды талап етеді. Себебі, жобалық робототехника бағытында тәлімгер зерттеу тақырыбын таңдаудан бастап, шешім ұсынуға дейінгі барлық кезеңде оқушыны бағыттап, оның тұлғалық, академиялық және шығармашылық дамуына жағдай жасай алуы қажет. Яғни, тәлімгер оқушының даму стратегиясын қалыптастырушы тұлға ретінде жұмысты ұйымдастырады.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы WRO (World Robot Olympiad) халықаралық робототехника жарысына қатысқан оқушылар мен олардың тәлімгерлерінің пікірлерін талдау арқылы жүзгізілді. Зерттеу мақсаты – жобалық жұмысты ұйымдастыру барысында тәлімгердік педагогикалық рөлін анықтау және оны құрылымдық модель ретінде сипаттау.

Зерттеуге қатысушылар Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан жинақталды. Іріктеу мақсатты (purposeful sampling) әдісімен жүзеге асырылды. Қатысушылар WRO жарысының жобалық бағытына тіркелген мектеп командалары арасынан таңдалды. Жалпы алғанда, сауалнамаға 40 мектеп оқушысы (жоба орындаушылары) және олардың 20 тәлімгері қатысты, барлығы 60 респондент. Сауалнамалар жарыс күндері Google Forms платформасы арқылы онлайн таратылды. Қатысушылардың барлығы зерттеудің мақсаты мен шарттарымен алдын ала таныстырылып, ерікті түрде қатысуға келісім берген. Барлық жауаптар анонимді және құпиялы түрде қабылданды.

Жауап беру көрсеткіші – 75 шақырылған адамның ішінен 60 адам сауалнаманы толық аяқтаған (яғни, жауап беру пайызы ≈ 80%). Демографиялық сипаттама:

- Оқушылардың жасы: 12–16 жас, орташа жас – 14.2.
- Сыныптар: 6-10 сынып.
- Тәлімгерлердің педагогикалық тәжірибесі: 3–15 жыл, орташа – 7.5 жыл.

Зерттеу барысында деректер сауалнама жүргізу әдісі арқылы жиналды. Сауалнама екі мақсатты топқа бағытталды: оқушылар және тәлімгерлер. Әрбір топ үшін жекелей сұрақтар құрылды. Сұрақтар аралас типте болды: жабық (Likert шкаласы бойынша) және ашық сұрақтар. Likert шкаласы 5 балдық жүйеде құрылды (1 – мүлдем келіспеймін, 5 – толық келісемін). Бұл сауалнама қатысушылардың пікірін сандық және сапалық түрде бағалауға мүмкіндік берді.

**Оқушыларға арналған жабық-ашық сауалнама сұрақтары:**

1. Жоба барысында ментор маған әр кезеңде нақты бағыт-бағдар беріп отырды.
2. Ментор менің идеяларымды ескеріп, топтық жұмыста белсенділік танытуыма көмектесті.
3. Ментор тек техникалық жағынан ғана емес, мотивация жағынан да қолдау көрсетті.
4. Егер ментор болмаса, мен бұл жобаны толық аяқтай алмас едім деп ойлаймын.
5. Менторлық қолдау менің робототехникаға деген қызығушылығымды арттырды.
6. Сіз үшін ментордың жобадағы ең маңызды көмегі не болды деп ойлайсыз?

**Менторларға арналған сауалнама сұрақтары:**

1. Жобалық жұмыстың әр кезеңінде мен оқушыларды нақты бағыттап, бақылап отырдым.
2. Оқушылардың өз бетімен шешім қабылдауына жағдай жасауға тырыстым.
3. Робототехника жобасында оқушылардың мотивациясын сақтау мен үшін маңызды болды.
4. Менің педагогикалық рөлім жоба нәтижесіне тікелей әсер етті деп санаймын.
5. Ментор ретінде мен өзім де үнемі кәсіби тұрғыда дамып отыруым керек деп есептеймін.
6. Сіздің ойыңызша, робототехника жобасында ментор қандай негізгі үш рөл атқарады?

Сауалнамалар WRO жарысы өткен күндері Google Forms онлайн платформасы арқылы таратылды. Қатысушыларға алдын ала зерттеу мақсаты түсіндіріліп,

ерікті түрде қатысу келісімі алынды. Толық анонимділік қамтамасыз етілді.

## Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері оқушылар мен менторлардың көзқарастары бойынша жобалық жұмыстар жасау барысында тәлімгерлік рөлдің маңыздылығын анық көрсетті. Сауалнамадан алынған мәліметтер жобалық іс-әрекеттің барлық кезеңінде тәлімгердің педагогикалық қолдауы оқушылардың белсенділігі мен ынтасына ықпал ететінін дәлелдеді.

Оқушылар бағалауы бойынша нәтижелер. Оқушылардың жауаптары тәлімгердің бағыттаушылық, кеңесшілік және мотивациялық қолдауын жоғары бағалағанын көрсетті. Орташа балл, медиана, SD және диапазон (min–max) мәндері төмендегі кестеде көрсетілген:

**2-Кесте – Оқушылардың тәлімгер рөліне берген бағалары (сипаттамалық статистика)**

| Сұрақ | Орташа балл | Медиана | SD | Диапазон |
|---|---|---|---|---|
| 1. Ментор бағыт-бағдар берді | 4.6 | 5 | 0.52 | 4–5 |
| 2. Топта белсенділікке ықпал етті | 4.4 | 4 | 0.63 | 3–5 |
| 3. Ынталылық қолдау көрсетті | 4.5 | 5 | 0.60 | 3–5 |
| 4. Жобаны аяқтауға көмектесті | 4.5 | 5 | 0.58 | 3–5 |
| 5. Қызығушылықты арттырды | 4.7 | 5 | 0.47 | 4–5 |

Бұл көрсеткіштер тәлімгерлердің техникалық бағытта көмек беруде емес, сонымен қатар оқушының ішкі мотивациясын қалыптастырушы рөлін атқаратынын растайды.

Менторлардың өзіндік бағалауы. Сәйкесінше тәлімгерлер де өз қызметін жоғары бағалады (3-кесте), әсіресе жобаның нәтижесіне ықпал ету, оқушылардың өз бетімен шешім қабылдауына көмектесу секілді аспектілерге ерекше мән берді:

**3-Кесте – Тәлімгерлердің өз қызметіне берген бағалары (сипаттамалық статистика)**

| Сұрақ | Орташа балл | Медиана | SD | Диапазон |
|---|---|---|---|---|
| 1. Ментор бағыт-бағдар берді | 4.7 | 5 | 0.46 | 4–5 |
| 2. Топта белсенділікке ықпал етті | 4.1 | 4 | 0.67 | 3–5 |
| 3. Ынталылық қолдау көрсетті | 4.6 | 5 | 0.50 | 4–5 |
| 4. Жобаны аяқтауға көмектесті | 4.5 | 5 | 0.55 | 3–5 |
| 5. Қызығушылықты арттырды | 4.8 | 5 | 0.41 | 4–5 |

Топтық жұмысқа белсенділікті арттыру бойынша оқушылар мен тәлімгерлердің бағаларында айырмашылық байқалды. Mann–Whitney U тесті бұл айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын растады (U = 282.5, p = 0.036). Бұл тәлімгерліктің оқушыларға әсер етуін қабылдау тұрғысынан перспектива айырмашылығы бар екенін білдіреді (1-сурет).


*1-сурет. Оқушылар мен тәлімгерлердің көзқарасы бойынша тәлімгер рөлінің бағалануы*

Мазмұндық талдау нәтижелері. Ашық сұрақтарға берілген жауаптар индуктивті мазмұндық талдау әдісімен өңделді (4-кесте). Кодтау екі тәуелсіз зерттеуші тарапынан жүргізілді. Кодтаушылар арасындағы келісімділік деңгейі – Cohen's Kappa = 0.84, бұл жоғары сенімділік көрсеткіші.

**4-Кесте – Мазмұндық талдауда анықталған негізгі кодтар**

| Код | Тақырып | Дәйексөз мысалы |
|---|---|---|
| Сенім беру | Психологиялық қолдау | «Менторым сенім арттырып, жобаға сеніммен кірісуіме себеп болды» |
| Уақытты басқару | Жұмыс процесін жоспарлау | «Біз уақытты тиімді бөлуге үйрендік» |
| Техникалық көмек | Робот жинау мен кодтау | «Кейде техникада қиналсақ, ментор шешуге көмектесті» |
| Шығармашылыққа шабыт | Идеяны дамыту | «Біз ойымызды еркін айтып, идеяны бірге дамыттық» |
| Топтық жұмыс | Ынтымақтастық | «Біз топта жұмыс істеуді үйрендік» |

Оқушылар тарапынан: «Егер менторымыз болмаса, біз жоба идеясын соңына дейін жеткізе алмас едік», – деген сияқты пікірлер жиі кездесті. Бұл ментордың жобалық процестегі психологиялық-педагогикалық рөлін толық дәлелдейді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижесінде жобалық жұмыстарды кезең-кезеңімен ұйымдастыруда тәлімгердің педагогикалық

рөлін айқындайтын және жоба жұмысын дамытуды сипаттайтын құрылымдық модель жасалды (2-сурет). Модель WRO халықаралық робототехника жарысының қатысушыларымен жүргізілген эмпирикалық зерттеуге негізделіп жасалды және тәлімгердің әрекетін нақты бейнелейді. Модель жобаның 7 негізгі кезеңін қамтиды. Әр кезең өзіне тән педагогикалық функциялармен байланысты, яғни тәлімгердің сол кезеңде қандай рөл атқаратыны көрсетілді. Модельде жоба тақырыбын таңдаудан бастап, қорғауға дейінгі барлық кезеңдерде тәлімгердің атқаратын қызметтері – кеңес беру, бақылау, басқару және мотивациялық көмек сияқты кезеңдері сипатталады. Яғни тәлімгер бағыттаушы тұлға ғана емес, сонымен қатар оқушының зерттеушілік және инженерлік әлеуетін ашуға ықпал ететін кәсіби педагог ретінде танылады. Сонымен қатар, әрбір кезеңде туындайтын оқушылардың қиындықтары мен тәлімгер ұсынатын шешім жолдары да қарастырылған.


*2-сурет. Тәлімгер рөлінің жобалық іс-әрекеттегі моделі*

Көрсетілген модельде жоба жасау кезінде туындаған мәселелерді шешудің басқа да жолдарының болуы – оның бейімделгіш және практикалық құндылығын арттырады. Себебі оқушылардың жобасы бастапқы қойылған мақсатқа сәйкес кел-

меген жағдайда, тәлімгер оқушылармен бірлесе технологиялық шешімдерді қайта қарап, жобалау тәсілін өзгерту арқылы мәселені шешуге бағыт береді. Бұл тәсіл тәлімгердің жоба жұмысын ұйымдастыру кезеңіздегі рөлін икемді деп тануға негіз болады. Яғни, педагогикалық ұстаным шәкірттік (apprenticeship) және жобалық оқыту (project-based learning) теорияларымен үндес келеді.

Дегенмен бұл тұжырымдар шетелдік әдебиеттермен де сәйкес келеді. Нақтылайтын болсақ, Serik, Nurgaliyeva, Balgozhina және Hrmo еңбегінде робототехника жарыстары бойынша жеңіске жету стратегияларын ұсынды [12], ал Sullivan және Bers зерттеулерінде тәлімгерлердің практикалық дағдыларды жетілдірудегі маңызы айтылды [13], Matar және әріптестері тәлімгерліктің cascade-үлгісі арқылы оқушылардың компьютерлік ғылымға деген көзқарасын жақсартуға ықпал еткенін көрсетті [3]. Сондай-ақ Osborne және т.б. [5] ұсынған RoboCupJunior бағдарламасы оқушылар мен менторлар арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы жобалық жұмыс сапасының артуына себеп болғанын дәлелдейді. Бұл зерттеулер ұсынылған модельдің шынайылығы мен тиімділігін растауға мүмкіндік береді.

## Қорытынды

Қорытындылай келе зерттеу жұмысы робототехника саласындағы жобалық жұмысты ұйымдастыру үдерісінде тәлімгердің рөлін сипаттауға және оны педагогикалық модель ретінде ұсынуға бағытталды. Жүргізілген сауалнама нәтижелері мен ашық жауаптар талдауы негізінде тәлімгер оқушының жобаға деген қызығушылығын қалыптастыруда, бағыт-бағдар беруде және техникалық мәселелерді шешуде маңызды тұлға екені анықталды.

Зерттеу нәтижесінде айқындалған жобаны құрылымдау моделі тәлімгерлік қызметті жобаның жеті негізгі кезеңі бойынша жіктеп, әр кезеңде орындалатын педагогикалық рөлдерді нақтылайды. Бұл модель оқу үдерісіне бейімделіп, оқушылардың жеке қабілеттеріне қарай қолдауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған модельдің ерекшелігі – оқыту барысында кездесетін мәселелердің алдын ала болжауға және шешудің балама жолдарын қарастыруға жағдай жасайтын логикалық құрылымда ұсынылуы. Сонымен қатар, тәлімгердің рөлі оқушылардың инженерлік және зерттеушілік құзыреттерін қалыптастырумен қатар, олардың сенімділігі мен топтық жұмыс дағдыларын жетілдіруде маңызды екенін айқындады.

Осыған орай, ұсынылып отырған құрылымдық моделді тек WRO секілді халықаралық жарыстарда ғана емес, жалпы орта білім беру ұйымдарында жобалық оқыту үдерісіне енгізуге болады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі


1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333
2. **Cervera, N., Diago, P.D., Orcos, L., Yáñez, D.F.** The Acquisition of Computational Thinking through Mentoring: An Exploratory Study // Education Sciences. – 2020. – Vol.10(8). – P. 202. – https://doi.org/10.3390/EDUCSCI10080202
3. **Matar, S., Chahine, R., Sater, M., Skaf, J.** Cascade mentoring experience to engage high school learners in AI and robotics through project-based learning // Lecture Notes in Computer Science. – 2024. – Vol. 14531. – P. 313–325. –https://doi.org/10.1007/978-3-031-53827-8_26
4. **Ilori, O., Watchorn, A.** Inspiring next generation of engineers through service-learning robotics outreach and mentorship programme // International Journal of Advanced Robotic Systems. –2016. – Vol. 13(5). –https://doi.org/10.1177/1729881416663372
5. **Osborne, R.B., Thomas, A.J., Forbes, J.M.** RoboCupJunior Primer: Expanding Educational Robotics // National Conference on Artificial Intelligence. –2010. – Vol. 3. – P. 52-54. – URL: https://cdn.aaai.org/ocs/1164/1164-5915-1-PB.pdf
6. **Dolenc, N.R., Tai, R.H., Williams, D.** Excessive Mentoring? An Apprenticeship Model on a Robotics Team // Journal of Research in STEM Education, Hacettepe Science Center. – 2020. – Vol.6(2). – P. 91–114. –https://doi.org/10.51355/JSTEM.2020.81
7. **Wang, P., Huang, W., Werner, G., Wang, D., & Amodio, J.M.** Robotics mentorship as a cross-disciplinary platform to foster engineering soft skills

// 2023 ASEE Annual Conference & Exposition. – P. 1–11. – https://doi.org/10.18260/1-2--44152.

8. **Osborne, R.B., Thomas, A.J., Forbes, J.M.** Teaching with robots: a service-learning approach to mentor training // Technical Symposium on Computer Science Education. – 2010. – P. 172–176. – https://doi.org/10.1145/1734263.1734321

9. **Nedic, Z., Dansie, B., Nafalski, A.** Effectiveness of Robotics Peer Mentoring Program for raising interest in engineering, science and technology // International Conference on Engineering Education and Research "Progress Through Partnership". – 2004. – P. 659-664.

10. **Curto, B., Moreno, V.** Robotics in Education // Journal of Intelligent and Robotic Systems. –2016. –Vol. 81(1). –P. 3–4. – https://doi.org/10.1007/S10846-015-0314-Z

11. **Dolenc, N., Mitchell, C., Tai, R.H.** Hands Off: Mentoring a Student-Led Robotics Team // International Journal of Environmental and Science Education. –2016. –Vol. 6(2). –P.188–212. –https://doi.org/10.1080/21548455.2015.1039467

12. **Serik, M., Nurgaliyeva, S., Balgozhina, G., & Hrmo, R.** Winning Robotics Competition Strategy: Theory of Creating Projects in Robotics Education. –2023. – P. 144-151.

13. **Sullivan, A., Bers, M.U.** The role of gender in educational robotics: Exploring the impact of VEX and LEGO robotics on students' interest and learning // Journal of Information Technology Education: Innovations in Practice. –2019. –Vol.18. –P. 139-162. – https://doi.org/10.28945/4366

## References

1. Mämlekhet basshysy Qasym-Jomart Toqaevtıñ «Äditetti Qazaqstannyñ ekonomikalyq bağdary» atty Qazaqstan halkına Joldauy. [President Kassym-Jomart Tokayev`s State of the Nation Address «Economic course of a Just Kazakhstan»]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333

2. **Cervera, N., Diago, P. D., Orcos, L., Yáñez, D. F.** The Acquisition of Computational Thinking through Mentoring: An Exploratory Study // Education Sciences. – 2020. –Vol.10(8). – P. 202. – https://doi.org/10.3390/EDUCSCI10080202.

3. **Matar, S., Chahine, R., Sater, M., & Skaf, J.** Cascade mentoring experience to engage high school learners in AI and robotics through project-based learning // Lecture Notes in Computer Science. – 2024. –Vol.14531. –P. 313–325. https://doi.org/10.1007/978-3-031-53827-8_26.

4. **Ilori, O., Watchorn, A.** Inspiring next generation of engineers through service-learning robotics outreach and mentorship programme // International Journal of Advanced Robotic Systems. –2016. – Vol.13(5). –https://doi.org/10.1177/1729881416663372

5. **Osborne, R.B., Thomas, A.J., Forbes, J.M.** RoboCupJunior Primer: Expanding Educational Robotics // National Conference on Artificial Intelligence. –2010. –Vol. 3. –P. 52-54. – https://cdn.aaai.org/ocs/1164/1164-5915-1-PB.pdf

6. **Dolenc, N.R., Tai, R.H., Williams, D.** Excessive Mentoring? An Apprenticeship Model on a Robotics Team // Journal of Research in STEM Education, Hacettepe Science Center. –2020. –Vol.6(2). –P. 91–114. –https://doi.org/10.51355/JSTEM.2020.81

7. **Wang, P., Huang, W., Werner, G., Wang, D., & Amodio, J.M.** Robotics mentorship as a cross-disciplinary platform to foster engineering soft skills // 2023 ASEE Annual Conference & Exposition. – 2023. –P. 1-11. –https://doi.org/10.18260/1-2--44152.

8. **Osborne, R.B., Thomas, A.J., Forbes, J.M.** Teaching with robots: a service-learning approach to mentor training // Technical Symposium on Computer Science Education. –2010. –P. 172-176. – https://doi.org/10.1145/1734263.1734321

9. **Nedic, Z., Dansie, B., Nafalski, A.** Effectiveness of Robotics Peer Mentoring Program for raising interest in engineering, science and technology // International Conference on Engineering Education and Research "Progress Through Partnership". – 2004. – P. 659-664.

10. **Curto, B., Moreno, V.** Robotics in Education // Journal of Intelligent and Robotic Systems. – 2016. – Vol. 81(1). – P. 3-4. – https://doi.org/10.1007/S10846-015-0314-Z

11. **Dolenc, N., Mitchell, C., Tai, R.H.** Hands Off: Mentoring a Student-Led Robotics Team // International Journal of Environmental and Science Education. –2016. –Vol. 6(2). –P.188-212. – https://doi.org/10.1080/21548455.2015.1039467

12. **Serik, M., Nurgaliyeva, S., Balgozhina, G., Hrmo, R.** Winning Robotics Competition Strategy: Theory of Creating Projects in Robotics Education. – 2023. – P. 144-151.

13. **Sullivan, A., Bers, M.U.** The role of gender in educational robotics: Exploring the impact of VEX and LEGO robotics on students' interest and learning // Journal of Information Technology Education: Innovations in Practice. – 2019. –Vol.18. – P. 139–162. – https://doi.org/10.28945/4366

# Педагогические основы наставничества в организации робототехнических проектов в школе

**М.Ә. Сейсенбек[1]*, Э.Т.Адылбекова[2], С.А. Нургалиева[3], Г.Ж. Ерланова[4]**
[1,2]Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова,
г. Шымкент, Республика Казахстан,
[3]Astana IT university,
г. Астана, Республика Казахстан
[4]Alikhan Bokeikhan university,
г. Семей, Республика Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема определения педагогической роли наставника (ментора) в организации проектной деятельности в области образовательной робототехники, а также предлагается структурная модель этой роли. Исследование было проведено среди школьников и их наставников, участвовавших в международной олимпиаде по робототехнике World Robot Olympiad (WRO), с использованием анкетирования. Применён смешанный метод исследования: количественные данные были обработаны статистически, а качественные — с помощью контент-анализа. В результате роль наставника в процессе проектного обучения была систематизирована по семи основным этапам, для каждого из которых были чётко определены соответствующие педагогические функции (наблюдение, управление, консультирование, мотивационная поддержка). Кроме того, предложенная модель включает альтернативные пути решения технических и организационных проблем, возникающих в ходе выполнения проекта. Научная новизна исследования заключается в интеграции наставнической деятельности в структуру проектного обучения с последующим представлением её в виде педагогической модели. Предложенная модель может служить эффективным инструментом в образовательной практике, особенно в рамках кружков по робототехнике и STEM-направлениям, способствуя развитию проектных и инженерных компетенций учащихся. Кроме того, результаты исследования обосновывают необходимость включения системы наставничества в программы педагогической подготовки и открывают перспективы интеграции менторства с цифровыми образовательными платформами в будущем.

**Ключевые слова:** наставничество; образовательная робототехника; проектная деятельность; педагогическая модель; навыки; образовательные технологии.

# The pedagogical role of mentors in school-based robotics projects: a structural model approach

**M.A. Seisenbek[1]*, E.T.Adylbekova[2], S.A. Nurgaliyeva[3], G. Zh. Yerlanova[4]**
[1,2]U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
Shymkent, Republic of Kazakhstan.
[3]Astana IT University
Astana, Republic of Kazakhstan.
[4]Alikhan Bokeikhan university
Semey, Republic of Kazakhstan.

**Abstract.** This article examines the pedagogical role of the mentor in organizing pro-

ject-based activities in the field of educational robotics and proposes a structural model of mentoring within this context. The study was conducted through a survey involving students and their mentors who participated in the international World Robot Olympiad (WRO). A mixed-methods approach was applied: quantitative data were analyzed statistically, while qualitative responses were examined using content analysis. As a result, the mentor's role in project-based learning was systematized across seven key stages, with each stage defined by specific pedagogical functions such as observation, guidance, consultation, and motivational support. In addition, the proposed model outlines alternative pathways for addressing technical and organizational challenges that may arise during the project development process. The scientific novelty of the study lies in the integration of mentoring practices into the structure of project-based learning, presenting them as a pedagogical model. The proposed model can serve as an effective tool in educational practice, particularly in robotics and STEM clubs, by enhancing students' project-related and engineering competencies. Furthermore, the research findings justify the inclusion of mentoring systems in teacher training programs and suggest the potential for future integration of mentoring with digital educational platforms.

**Keywords:** mentorship; educational robotics; project-based learning; pedagogical model; skills; educational technologies.

*Материал баспаға 05.07.2025 келіп түсті*

## Біздің авторлар

**Абильдинова Гульмира Маратовна,** Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Информатика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан, Астана қ.

gulmira_2181@mail.ru

**Абильякимова Аида Қуанышқызы,** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Стратегия және талдау орталығының бас сарапшысы, Қазақстан, Астана қ.

abilyakimovaaida@gmail.com

**Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна,** Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Физика-математика факультетінің педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Қазақстан, Шымкент қ.

adylbekova_elvir@mail.ru

**Алтыбаева Шугыла Болатовна,** ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы ШЖҚ РМК, басқарма басшысы, экономика ғылымдарының магистрі, Қазақстан, Астана қ.

shugyla.altybayeva@gmail.com

**Әбдірәсілов Ербол Құралбайұлы,** Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы, ф.ғ.д., доцент, Қазақстан, Астана қ.

abderbol@mail.ru

**Әділбекова Жанар Болатқызы,** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті, «Әдебиеттану» мамандығының 2-курс докторанты, Қазақстан, Астана қ.

zhanara-snowy@mail.ru

**Әжібекова Маржан Ермектайқызы,** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті, «Филология» мамандығының 2-курс докторанты, Қазақстан, Астана қ.

marzhanermektai@mail.ru

**Гаич Тамара,** «Йован Цвич» география институты, Сербия ғылым және өнер академиясы, жетекші ғылыми қызметкер, PhD, Сербия, Белград қ.

tamara.gajic.1977@gmail.com

**Дагарова Жадра,** Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінің докторанты, Қазақстан, Қарағанды қ.

zhadra-dagarova@mail.ru

**Дуненбаева Ботагөз Қаратайқызы,** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 24 мектеп-гимназиясы» КММ бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер Қазақстан, Қостанай қ.

botagozdunenbaeva@gmail.com

**Дюсенбаева Ардак Толеуовна,** Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Дидактика зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Астана қаласы

ardakdt@mail.ru

**Ерланова Гульмира Жумагалиевна** – Alikhan Bokeikhan university, Ақпа-

раттық-техникалық ғылымдары кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Информатика ғылымдарының философия докторы (PhD). Қазақстан, Семей қаласы,

gulmirka_78@mail.ru

**Есалиев Айдарбек Аскарбекович,** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Дене тәрбиесі және Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы

aidar.esali@mail.ru

**Жабаева Гульдана Куатовна,** ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы ШЖҚ РМК, жетекші ғылыми қызметкер, магистр, Қазақстан, Астана

guldanazhabayeva@gmail.com

**Жумабаева Салтанат Гиззатовна,** Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Орта білім мазмұны институты директорының орынбасары, педагогика магистрі, Қазақстан, Астана қ.

zhumabaevas@list.ru

**Ибраева Алия,** Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

aliya.ai88@mail.ru

**Исаков Ерлан Дүйсенбекұлы,** Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Жаратылыстану және география факультеті, География және экология кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Қазақстан, Алматы

erlan.issakov@gmail.com

**Искакова Лаура Турлыбековна,** Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан, Шымкент қ.

esaimed@mail.ru

**Исембаева Набат Жаксыгуловна,** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Білім жоғары мектебі, «Педагогика және психология» мамандығының докторанты Қазақстан, Астана қаласы

nabat_isembaeva@mail.ru

**Каринова Шолпан Таңатқызы,** «AMANAT» партиясы РҚҰ, «AMANAT» партиясының хатшысы, Қазақстан, Астана

karinova.st@gmail.com

**Караджа Джелал** Ақсарай университетінің Компьютерлік технологиялар кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD, Түркия, Ақсарай қ.

karaca42@gmail.com

**Куатбаева Дана Ергазиевна,** І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, физика-математика факультеті, физика-математика кафедрасының оқытушы-дәріскері, п.ғ.м., Қазақстан, Талдықорған

dana_baisary@mail.ru

**Кусаинов Габит Муканаевич,** Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Дидактика зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Астана қ.

g-satybaldy@list.ru

**Қасымбаева Гүлстан Нүсіпбекқызы,** техника ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

kasymbaeva.gulstan@mail.ru

**Лайсханов Шахислам Ұзақбайұлы,** Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Жаратылыстану және география факультеті, География және экология кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., PhD, Қазақстан, Алматы

laiskhanov@gmail.com

**Мукашева Манаргуль Умирзаковна,** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Цифровизацияны дамыту орталығының бас ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан, Астана қ.

mg.mukasheva@gmail.com

**Мұхиядин Айнұр Ұлықпанқызы,** «ESIL University» мекемесі, философия докторы (PhD), доцент м.а., Қазақстан, Астана қ.

amukhiyadin@gmail.com

**Нургалиева Айгерим Акметжановна,** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу орталығының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі, докторант, Қазақстан, Астана қ.

aigera_88n@mail.ru

**Нургалиева Сымбат Алтыбаевна,** Astana IT University, Компьютерлік есептеу департаментінің ассистент профессоры, Информатика ғылымдарының философия докторы (PhD), Қазақстан, Астана қ.

symbat2030@gmail.com

**Оспанова Бибигуль Канатовна,** «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, PhD, педагогика және психология кафедрасының доцент м.а., Қазақстан, Семей

sandorik84bk@mail.ru

**Парманкулова Перизат Жаксылыковна,** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, PhD, Қазақстан, Шымкент қ.

perizatpa11@mail.ru

**Сагиндиков Исатай Умирзакович,** ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы ШЖҚ РМК, бас ғылыми қызметкер, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Астана қ.

isatay60@mail.ru

**Сапиева Майра Саимқызы,** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Үздіксіз педагогикалық білім беру орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Астана қ.

m.sapieva@uba.edu.kz

**Сейсенбек Мархабат Әділжанқызы,** Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Физика-математика факультеті, «Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша докторанты, Қазақстан, Шымкент қ.

marhabat.2011@mail.ru

**Сейітқазы Перизат Байтешқызы,** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Білім жоғары мектебі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан, Астана қ.

perizatbs@mail.ru

**Смагулова Лаура Амангельдиевна,** І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, физика-математика факультеті, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының оқытушы-дәріскері, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Талдықорған қ.

jgu_laura@mail.ru

**Смакова Данагүл Рауияқызы,** Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының жетекші сарапшысы, Қазақстан, Астана қ.

danarau.dr@gmail.com

**Танирбергенова Анар Шынболатовна** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылым жөніндегі вице-президенті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Астана қ.

anar-tanirbergenova@mail.ru

**Темирханова Меруерт Сайлауовна,** Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Информатика» кафедрасының PhD студенті, Қазақстан, Астана қ.

meruyert.sailauovna@gmail.com

**Тотикова Гулдана Арыновна,** М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Қазақстан, Шымкент қ.

sultik.askarbek@mail.ru

**Уразалиева Рыскуль Муратбековна,** Қызылорда ашық университетінің «Педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, Қызылорда

ryskul_0405@mail.ru

**Шакенов Манат Баяхметович,** І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, физика-математика факультеті, физика-математика кафедрасының доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Талдықорған

shakenov.zhgu@mail.ru

**Шакралиева Шамшат Сейдалина,** ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы ШЖҚ РМК, жетекші маман, педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан, Астана қ.

**Шүйіншина Шолпан Мырзақасымқызы,** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер мен STEM технологиясы зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан, Астана

sholpan200264@mail.ru

## Наши авторы

**Абдирасилов Ербол Куралбаевич,** доктор филологических наук, доцент, Республиканский научно-практический центр экспертизы содержания образования, Казахстан, г. Астана

abderbol@mail.ru

**Абильдинова Гульмира Маратовна,** ассоциированный профессор кафедры «Информатика», Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, доктор педагогических наук, Казахстан, г. Астана

gulmira_2181@mail.ru

**Абильякимова Аида Куандыковна,** главный эксперт центра стратегии и анализа Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, Казахстан, г. Астана

abilyakimovaaida@gmail.com

**Адильбекова Жанар Болатовна,** докторант 2-го курса специальности «Литературоведение» Филологического факультета Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

zhanara-snowy@mail.ru

**Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна,** Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, физико-математический факультет, кандидат педагогических наук, и.о. доцента, Казахстан, г. Шымкент

adylbekova_elvir@mail.ru

**Ажибекова Маржан Ермектаевна,** Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, факультет филологии, докторант 2-го курса по специальности «Филология», Казахстан, г. Астана,

marzhanermektai@mail.ru

**Алтыбаева Шугыла Болатовна,** РГП на ПХВ Национальный центр тестирования МНВО РК, руководитель управления, магистр экономических наук, Казахстан, Астана,

shugyla.altybayeva@gmail.com

**Тамара Гаич,** Географический институт “Йован Цвиич”, Сербской академии наук и искусств, ведущий научный сотрудник, PhD, Белград, Сербия,

tamara.gajic.1977@gmail.com

**Дагарова Жадра,** докторант Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Казахстан, г. Караганда

zhadra-dagarova@mail.ru

**Дуненбаева Ботагоз Каратаевна,** учитель начальных классов КГУ «Школа-гимназия № 24 отдела образования города Костаная» управления образования акимата Костанайской области, педагог-мастер, Казахстан, г. Костанай

botagozdunenbaeva@gmail.com

**Дюсенбаева Ардак Толеуовна,** Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, заведующая лаборатории дидактики, кандидат педагогических наук, Казахстан, г. Астана

ardakdt@mail.ru

**Есалиев Айдарбек Аскарбекович,** Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, профессор кафедры теории и методики физического воспитания и начальной военной подготовки, доктор медицинских наук, Казахстан, г. Шымкент

aidar.esali@mail.ru

**Жумабаева Салтанат Гиззатовна,** Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, заместитель директора института содержания среднего образования, магистр педагогики, Казахстан, г. Астана

zhumabaevas@list.ru

**Ерланова Гульмира Жумагалиевна,** Alikhan Bokeikhan University, PhD, и.о. ассоциированного профессора кафедры информационно-технических наук, Казахстан, г. Семей

gulmirka_78@mail.ru

**Жабаева Гульдана Куатовна,** РГП на ПХВ Национальный центр тестирования МНВО РК, ведущий научный сотрудник, магистр, Казахстан, г. Астана

guldanazhabayeva@gmail.com

**Ибраева Алия,** старший преподаватель, Алматинский гуманитарно-экономический университет, Казахстан, г. Алматы

aliya.ai88@mail.ru

**Исаков Ерлан Дуйсенбекович,** Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Факультет Естествознания и географии, старший преподаватель кафедры Географии и экологии, PhD, Казахстан, Алматы,

erlan.issakov@gmail.com

**Искакова Лаура Турлыбековна,** Университет Дружбы народов имени академика А.Куатбекова, доктор педагогических наук, Казахстан, г. Шымкент

esaimed@mail.ru

**Исембаева Набат Жаксыгуловна,** Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Высшая школа образования, докторант по специальности «Педагогика и психология», Казахстан, г. Астана

nabat_isembaeva@mail.ru

**Каринова Шолпан Танаткызы,** секретарь партии «AMANAT», РОО Партия «AMANAT», Казахстан, г. Астана

karinova.st@gmail.com

**Караджа Джелал,** ассоциированный профессор кафедры Компьютерных технологий Аксарайского университета, PhD, Турция, Аксарай

karaca42@gmail.com

**Касымбаева Гульстан Нусупбековна,** кандидат технических наук, старший преподаватель кафедры «Информатики» Казахского национального женского педагогического университета, Казахстан, Алматы,

kasymbaeva.gulstan@mail.ru

**Куатбаева Дана Ергазиевна,** Жетысуский университет им И. Жансүгурова, физико-математический факультет, преподаватель-лектор кафедры физики-математики, Казахстан, г.Талдыкорган

dana_baisary@mail.ru

**Кусаинов Габит Муканаевич,** Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, ведущий научный сотрудник лаборатории дидактики, кандидат педагогических наук, Казахстан, г. Астана

g-satybaldy@list.ru

**Лайсханов Шахислам Узакбаевич,** Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Факультет Естествознания и географии, и.о. ассоциированного профессора кафедры Географии и экологии, PhD, Казахстан, Алматы г.,

laiskhanov@gmail.com

**Мукашева Манаргуль Умирзаковна,** главный научный сотрудник Центра развития цифровизации Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, кандидат педагогических наук, профессор, Казахстан, г. Астана

mg.mukasheva@gmail.com

**Мұхиядин Айнұр Ұлықпанқызы,** «ESIL University», доктор философии (PhD), и.о. доцента, Казахстан, г. Астана

amukhiyadin@gmail.com

**Нургалиева Айгерим Акметжановна,** старший научный сотрудник Центра научно-методического сопровождения Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, магистр педагогических наук, докторант, Казахстан, г. Астана

aigera_88n@mail.ru

**Нургалиева Сымбат Алтыбаевна,** Astana IT University, ассистент профессор департамента вычислительной техники, Phd, Казахстан, Астана

symbat2030@gmail.com

**Оспанова Бибигуль Канатовна,** УО «Alikhan Bokeikhan University», PhD, и.о. доцента кафедры педагогики и психологии, Казахстан, Семей,

sandorik84bk@mail.ru

**Парманкулова Перизат Жаксылыковна,** Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, PhD, Казахстан, г. Шымкент

perizatpa11@mail.ru

**Сагиндиков Исатай Умирзакович,** РГП на ПХВ Национальный центр тестирования МНВО РК, главный научный сотрудник, кандидат педагогических наук, Казахстан, г. Астана

isatay60@mail.ru

**Сапиева Майра Саимовна,** Директор Центра непрерывного педагогического образования Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, кандидат педагогических наук, Казахстан, г. Астана

m.sapieva@uba.edu.kz

**Сейсенбек Мархабат Әділжанқызы,** Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Факультета физики-математики, Докторант по образовательной программе «Подготовка педагога информатики», Казахстан, г. Шымкент

marhabat.2011@mail.ru

**Сейтказы Перизат Байтешовна,** Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Высшая школа образования, доктор педагогических наук, профессор, Казахстан, г. Астана

perizatbs@mail.ru

**Смагулова Лаура Амангельдиевна,** Жетысуский университет им. И.Жансугурова, физико-математический факультет, лектор-преподаватель кафедры информационнных технологий и искусственного интеллекта, кандидат педагогических наук, Казахстан, г. Талдыкорган

jgu_laura@mail.ru

**Смакова Данагуль Рауияновна,** ведущий эксперт Республиканского научно-практического центра экспертизы содержания образования, Казахстан, г. Астана

danarau.dr@gmail.com

**Танирбергенова Анар Шынболатовна,** вице-президент по науке Национальной академии образования имени И. Алтынсарина, кандидат педагогических наук, Казахстан, г. Астана

anar-tanirbergenova@mail.ru

**Темирханова Меруерт Сайлауовна,** PhD студент кафедры «Информатика», Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

meruyert.sailauovna@gmail.com

**Тотикова Гулдана Арыновна,** Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Старший преподаватель кафедры педагогика, PhD, Казахстан, г. Шымкент

sultik.askarbek@mail.ru

**Уразалиева Рыскуль Муратбековна,** старший преподаватель кафедры «Педагогика» Кызылординского открытого университета, Казахстан, Кызылорда

ryskul_0405@mail.ru

**Шакенов Манат Баяхметович,** Жетысуский университет им И. Жансүгурова, физико-математический факультет, доцент кафедры физики-математики, кандидат физико-математических наук, Казахстан, г. Талдыкорган

shakenov.zhgu@mail.ru

**Шакралиева Шамшат Сейдалина,** РГП на ПХВ Национальный центр тестирования МНВО РК, ведущий эксперт, магистр педагогических наук, Казахстан, Астана

**Шуйншина Шолпан Мырзакасымовна,** Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, ведущий научный сотрудник лаборатории предметов естественно-математического направления и STEM технологии, кандидат педагогических наук, доцент, Казахстан, г. Астана

sholpan200264@mail.ru

## Our authors

**Abdirasilov Yerbol,** Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Republican Scientific and Practical Center for Expertise of Education Content, Kazakhstan, Astana

abderbol@mail.ru

